Mentor
әдістемелік орталығы

“MENTOR”
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

«Үздік қалам»



республикалық ғылыми-танымдық
әдістемелік журналы

№2(1)
2024

Ақтөбе қаласы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Қалыбаева Задагул Боранбаевна.....4
Абдибекова Рада Абдибековна.....5
Абдрахманова Жумаслу Кабиевна.....7
Акмурзина Жанар Мухитовна.....8
Алиева Римма Боранбаевна.....11
Даулеткалиева Гулмирам Косымовна.....14
Әдепова Жадыра Серікбайқызы.....16
Изтлеуова Самал Косаевна.....17
Искакова Күнімай Смайловна.....21
Капенова Арайлым Достановна.....24
Караулбекова Гулмайра Сералыкызы.....28
Сетаева Жанна Жанбырбаевна.....31
Тулаева Айнур Торебаевна.....34
Утепбергенова Динара Шакировна.....36
Абиева Гулжанат Беркалиевна.....37
Аманғазиева Еркеназ Аманғазықызы.....39
Аймагамбетова Асима Кулмуратовна.....41
Айтмуханбетова Нурслу Уринбасаровна.....43
Алкуатова Айгул Шоферовна.....45
Ахметов Бауржан Сеильханович.....48
Белая Светлана Владимировна.....51
Божыбаева Айым Кенелдиковна.....53
Ержанова Гульмира Есбосыновна.....57
Ермагамбетова Амансулу Мурзагуловна.....59
Жаппарова Гүлжамал Саматқызы.....60
Жиеналиева Женискул Бозгуловна.....62
Ибрагимова Таита Султановна.....63
Итбаева Багдагул Жилкибаевна.....65
Казтуганова Райса Нурлыкановна.....66
Кожабекова Айна Шаймардановна.....68
Кулекешева Жанылсын Едиловна.....70
Кулмагамбетова Алия Тулеубаевна.....77
Курманова Дина Нурбаевна.....81
Қалила Абзал Серікұлы.....82
Қозыбаева Фарида Тастанбековна.....85
Машева Айнагуль Алпысбаевна.....88
Мергалиева Злыха Смаиловна.....92
Наурызбаева Кенжегул Нурлыбайевна.....94
Пеннер Наталья Александровна.....96
Penner-Nassibulina Darya Alexandrovna.....97
Сатмағанбетов Еркін Жақыпұлы.....99
Сердюк Оксана Васильевна.....101
Тажигарина Айнур Кудайбергеновна.....103
Терегулов Шамиль Русланович.....105
Толеуова Мадина Еспаганбетовна.....106
Тушалиева Анастасия Леонидовна.....107
Тырнакова Клара Умурзаковна.....115
Хабарова Любовь Николаевна.....117
Чигимбаева Айгуль Тимуровна.....122
Шакаева Марина Вячеславовна.....124
Шетихина Ольга Сергеевна.....126
Якупова Гульнара Равильевна.....128
Жантуғанова Айғанша Серікқызы.....133
Жетеулиева Толғанай Маратқызы.....135

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту.

Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы № KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді.

Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:

Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмагамбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Жайтапова Алтынай Альбековна, п.ғ.д., профессор
Редакция алқасы:
Тихомирова Валентина Тихоновнап.ғ.к., доцент
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбеова Айнур Маратовна
Озган Мехмет
Дауметова Салтанат Турмаганбетовна
Дизайн:
Муханбедин Аружан Айбарқызы

Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)
Редакцияның мекен-жайы:
Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2

Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ



Қалыбаева Задагул Боранбаевна

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінің директоры

Білім беруді басқару менеджменті - мектеп жұмысын басқарудың мазмұны мен әдістері, оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру туралы педагогика ғылымының бір бағыты ретінде, білім берудің жаңа парадигмасы мен басқару теориясының дамуына байланысты қайта жаңғыртылуда. Білім беру жүйесін жетілдіру, ең алдымен оның сапасын арттыру – мемлекеттің таяу онжылдықтағы басты басымдықтарының бірі болып табылады. Білім беру жүйесін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері негізінде әлемнің алдыңғы қатарлы тәжірибесін бойына жинақтаған білім берудің ұлттық моделі, білім сапасы мен оны бағалау өлшемдері, нәтижеге бағытталған басқарудың индикаторлары, критериалдық бағалау- әлемнің үздік тәжірибесі ғана емес сапалы оқытудың бірден бір үлгісін дәлелдейді. Білім берудің түрлі деңгейлерінде оқыту мазмұны, әдістері мен құрылымдары жаңартылып, жаңа бағдарламалар мен оқулықтар, ақпараттық-комуникативтік, интерактивтік, роботтық технологиялар кеңінен ендірілуде. Білім беру ұйымдарында білім сапасын дамытуды, мектеп басшылары мен педагогтардың сыни ойлау деңгейі мен педагогикалық көзқарастарының күтілетін нәтижеге бағытталған–жаңа өзгерістерге сай болуын қажет етеді. Оны қамтамасыз ету мектептанудың төмендегі бағыттарын:

- мектеп басқарудың дәстүрлі сипатын, құрылымы мен мазмұнын жаңарту;
- нәтижеге бағытталған білім беру мақсатына сай басқаруды ресурстық, әдістемелік, технологиялық қамтамасыз ету үшін мектеп басшыларының заманауи құзыреттіліктерін дамыту;
- оқытудың субъектаралық, коллобративтік, бірлесе оқыту түрлеріне сәйкес басқаруды корпоративтік, нәтижеге бағытталу түрінде ұйымдастыру;
- оқыту бағдарламалары мен әдістемелерінің өзгермелі жағдайында педагогтардың құзыреттілігін көтеру арқылы үнемі кәсіби-әдістемелік дамыту жолдарын қамтамасыз етуді айқындайды.

Мектеп басшылары өзгерістердің неліктен қажет екенін түсінуі үшін, бірінші-ден, білім берудің құндылықтары мен күтілетін нәтижелерін терең зерделей білуі тиіс, екіншіден, сол құндылықтар мен нәтижелерді қамтамасыз ету үшін мектепте нені өзгерту керек, ол үшін қандай әрекеттер мен жобаларды іске асыруға болатынын, үшіншіден, өзгерістерді жоспарлау және орындау барысында ол өзгерістер немен өлшенеді, оның тиімділігі қалай бағаланатынын алдын-ала айқындап, оны қадағалай білуі тиіс. Осы жүйелі өзгерістерді түсіну және оны орындау мектеп басшыларының өздерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, олардың өз ұйымында қызмет ететін педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытуға даярлығын талап етеді.

Педагогикалық менеджментте басқару неғұрлым сапалы болса, соғұрлым үрдістің сапасы артады.

Қазіргі таңда жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру мақсатындаеліміздің білім беру жүйесі нәтижеге бағытталған

білім беру моделіне көшті. Жаңа білім беру моделінің жекелеме элементтері нақты білім беру тәжірибесінде көрініс тапты, жаңа оқу орындары, жаңа бағдарламалар мен оқулықтар, білім берудің жаңа әдістері мен технологиялары пайда болды. Бүгінгі қоғамның талабының бірі – жалпы білім беретін, бастауыш мектептердің педагогикалық үрдісін ***менеджмент парадигмасы*** негізінде басқару. Осындай өзгерістерге орай білім беру жүйесін басқару парадигмалары да жаңғыртылуда.

Басқару парадигмасы (парадигма латынша paradeigma – үлгі)– ылыми концепцияға негізделген негізгі идея, ғылым дамуының белгілі кезеңінде ғылыми қауымдастық тарапынан қабылданған болжамдардың мәнін түсіндіру және ғылыми тану үрдісінде пайда болатын мәселелерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт (қалып) ретінде пайдаланылатын теориялық және әдіснамалық ережелердің жиынтығы. Басқару тәжірибесінің жинақталуына байланысты басқару парадигмалары өзгеріске ұшырап отырады. Соңғы жылдары басқару- ұйымдастыру мәдениетіне, басқарудың жаңа әдістері мен қағидаларына, менеджердің көшбасшылық сапаларына бағытталған.Қазіргі басқару парадигмасында тиімді (рационалды) басқару қағидасы басшылыққа алынады. *Қазіргі басқару парадигмасы:*

- «ашық жүйенің» құрылуы;
- басқарудың әдістерін жетілдіру;
- басқаруды орталықсыздандыру;
- әкімшілік-орындаушылық

командалардың тиімді түрлері,

- мақсатты - бағдарлы жобалау;
- жаңашыл-бейімді білім беру

жүйесін басқару арқылы қарастырылады



Қазіргі заман талабына сай оқыту үрдістері де өзгеруде. Осыған орай мектептердің оқу сапасын жақсартуда әр түрлі технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз қазіргі кезде қолданылып жүрген педагогикалық технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Осы орайда балаларды әріп үйретуге, жазуға төселдірудің де өзіндік ерекшеліктері бар екендігін есте ұстанған жөн болар еді. Бастауыш сыныпта жазу үрдісін меңгерту, оқушының алдында тұрған күрделі де қиындығы мол білім жолын ашады. Сондықтан мұғалім әріптерді жазуға үйреткенде еріксіз жаңа технологиялық тәсілдерге сүйенуіне тура келеді. Әрі заман ағымына сәйкес, жаңа үрдістен қалмауға, жаңадан оқытудың тиімді жолдарын пайдаланудың да маңыздылығы бар екендігі шындық.

"Жазу әрекеті" - әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу нысандарына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан

қарастырған. Мәселен, лингвист - ғалымдар жазу әрекетінің тілдің ара қатысын сөз етсе, психолог жазу әрекетін жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиолог оның жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексереді. Психолингвист жазу әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тұлғалардың санамен байланысын, сөйлеу мүшелерінің ойға қатысты қимыл - қозғалысын дәлелдейді.

Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын, оларды неге үйрету керектігін, не үшін, не мақсатпен және қалай оқыту қажеттігін қарастырады. Тілші - әдіскерлердің ең бірінші мақсаты сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу, оны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету. Жазу сабақтарының мақсаты - балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру, оларды көркем, анық, дұрыс, сауатты жазуға үйрету. Жазу сауаттылығын арттыру үшін өтілген орфографиялық ережелерге байланысты түрлі жұмыстар жүйелі де жиі жүргізілуі керек. Әсіресе, жазба тілді дамыту маңызды және күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айрықша тіл функциясы. Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгертудің, яғни оқушының жазу дағдысын қалыптастырудың бастауышта үш кезеңі (элементтік кезеңі, әріптік кезеңі, әріптерді жалғастырып жазу кезеңі) бары, сол кезеңдерге қойылатын талаптарды орындатуға төселдіру қажеттігі және мұның бәрі өте күрделі процесс болып табылатындығы туралы айтылып және басшылыққа алынып келді. Шын мәнісінде, әдебиеттерді зерттей келе, осы кезеңдер арқылы ғана баланы жазба тілде үйретуге болмайтындығына көзіміз жетті.

Бұл жөнінде профессор Сыздық Р.: "Жазба сөзді жақсы білу үшін психологиялық операцияны жаңа түрде пайдалану керек" десе, Әлметова Ә.С.: "әріп жазуға үйрету деп ойламау керек" - дей келіп, әрі қарай осы күнгі қолданып жүрген дыбыстық талдаудың да жазуға үйрету жолына жатпайтындығы туралы: "...тәжірибе көрсеткендей, сөз ішіндегі дыбыстарды талдай алатын бала сөз жазып кетеді деп айтуға болмайды, оған жазу механизмін үйрену қажет" дейді. Ғалымдардың "жаңа түрдегі психологиялық операция пайдалану керек", «жазба тіл дағдысына үйрену қажет" деп отырғандары баланы жазу әрекетіне үйретудегі жаңа тәсіл. Себебі, онда рухани-адамгершілік құндылықтың іргетасы қаланады. Сауат ашу арқылы баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы дамып интеллекті байи түседі. Сондықтан жұмысты дұрыс, сауатты атқаруға бірден үйрету керек. Дұрыс,сауатты жазуға төселдіру мұғалімнен үлкен шеберлікті, көп еңбекті талап етеді.

Орфографияға байланысты жекелеген жұмыстар орындату үшін, оқушылардың бар назары сол әрекетке аудартылады, яғни жүргізілетін әрекет саналы орындалады. Ал оқушының назары оның творчестволық еңбегін қажет ететін басқа бір жаңа мақсатқа жетуге аударылса (мысалы, өз ойын жазбаша баяндап беруге), онда бірінші әрекет (орфографиялық жаттығу) басты мақсат болудан қалады да, оқушылардың бар ынтасы жаңадан қойылған екінші мақсатқа (шығармаға) шоғырландырылады. Шығарма жазу кезінде бірінші әрекет автоматтандырылған, оқушы жазған шығармасында орфографиялық білім мен дағдысы берік болғандығын байқауға болады. Егер оқушы жазған шығармасында орфографиялық қате жіберген болса, онда бірінші әрекетке қайта оралып, орфографиялық жаттығулар орындатуға тура келеді.

Орфографиялық сауаттылық диктант, я шығарма жаздыру арқылы есепке алынып жүр. Бұл жерде ескертетін жағдай мынадай: диктант - оқушылар алдында ешқандай жаңа мақсат қоймайтын таза орфографиялық жұмыс, ал шығарма оқушылар алдында өз ойын жатық баяндап беру сияқты творчествалық талап қояды. Сондықтан да білімнің және орфографиялық дағдылардың қаншалықты берік қалыптасқандығына нақты көз жеткізу үшін шығарма (мазмұндама) жаздыру тиімді.

Ойын күрделендіруге үйрету үшін алдымен әрбір жеке әрекетті оқушының ұқыпты байымдап алуы талап етіледі. Сонан кейін барып жалпы түрде ойын қорытады. Орфограмманың грамматикалық сипатын анықтаудағы бұл сияқты ақыл - ой жұмысын орфографиялық дағдының грамматикалық бөлігі деп атауға болады.

Дағдының берік қалыптасуы қайталау және жаттығу жұмыстарына тығыз байланысты. Орфографияны оқытудағы қайталау теориялық (грамматикалық, орфографиялық) білімді жазу практикасына пайдалану болып табылады. Қайталау арқылы оқушылардың ойлау әрекеті жетіледі, орфографиялық мақсатты қандай амалдармен, тәсілдермен шешу керектігі анықталады. Орфографияны оқытудың амалдары мен тәсілдеріне орфографиялық іс-әрекеттерге анализ жасау, абстракциялау, сөз контексінен тілдің морфологиялық элементтерін бөліп алу, ол элементтерді белгілі бір грамматикалық категояларға жатқызу, орфографиялық ережені айқындау т.б. жұмыстар.

ТӘРБИЕ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Абдрахманова Жумаслу Кабиевна

Ақтөбе қаласы «Х.Досмұхамедұлы атындағы №35 орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті

Халқымыздың сан ғасырға бергі даналығына құлақ салсақ, «Адамның бақыты-балада» деген екен. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі-деп ұлы ғалым, философ Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, балаларға жан-жақты тәрбие беруді жетілдіріп отыру басты парызымыз деп есептейміз. Қай елде, қай заманда болсын, бала тәрбиесіне ерекше мән берілген ғой. Өйткені, бала ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа аманат. «Адам ұрпағымен мың жасайды»деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні өз ұрпағы.

Қазіргі жағдайда жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Себебі бүгінде алдында ұлттық сана-сезім қалыптасқан азамат тәрбиелеу міндеті тұр. «Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле. Рухыңды сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле» деген халықтың даналық сөзінде айтылғандай, кез келген ата-ана, мұғалім, жүрген ортасы тәрбиелейді.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз ата-ана. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Бала от-

басынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтылмаса керек. А.С. Макаренко «ата-анаға арналған кітабында»: «Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыздың өзі шешуші роль атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, тіпті сіз үйде болмағанда да іске асады. Тәрбие сіздің қалай киетініңіз, өзгелермен қалай сөйлескеніңіз, олар туралы не ойлайтыныңыз, сіздің дос-дұшпандармен қалай қарым-қатынас жасайтыныңыз, қалай күлгеніңіз, осы әс-әрекеттеріңіздің бәрі де балаңыз үшін маңызды. Ал, отбасында сіз дөрекелік көрсетіп, жұбайыңызды жәберлесеңіз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз» дейді.

Сондықтан да есею жолында басты нәрсе-баланы парасатты, іске, адал қылыққа үйрету, жақсы іс атқару, одан қуаныш сезіміне бөлену өзгеніде, ата-ананы, мұғалімді, достары мен туыстарын қуанта білу.

Отбасындағы қарым-қатынастық негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, ол отбасы мүшесі, оның пікірі мен көмегі үлкендерге қажет деген сенім қалыптастыру керек. Халық даналығына назар аударсақ былай дейді: « Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң, онда арпа ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле».

Тәрбиелі адамдардың бойынан байқалатын ұят пен ар, ізгілік пен мейірім, имандылық пен инабаттылық, бір сөзбен айтқанда, ұждан деген ұғымға сыйдырамыз. Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі-оның жұртқа ұнамды мінез-құлқы. Ол қасиет негізінен отбасы, ошақ қасында қалыптасады. Мінезі жақсы, ақ ниетті адамдарға арнап айтылған халқымыздың «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деген мақалы осының куәсі.

«Жас кезінде білім берсең талайға, өсе келе қолың жетер талайға» деп Жүсіп Баласұғын айтқандай ата-ана қалай да баласының білім мен тәрбие беруде ортаның талабына қарай бейімдеп, тәрбиелеу керек.


«Бұтағымен ағаш қымбат, ұрпағымен адам қымбат» дегендей өміріміздің жалғасы, көздеріңіздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашақтарыңыз, еңбектеріңіздің нәрлі жемісі, көздеріңіздің қарашығындай қорып, аялап, баптап, тілегін тілеп отырған бауыр еттеріңіздің болашағы сіздердің қолдарыңызда.

Сондықтан бала болашағы үшін «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бірігіп, бала тәрбиесімен айналыссақ, еліміздің жаңашыр адал да үлгілі парасатты азаматтарын тәрбиелеп шығаратынымызға сенеміз мол.



Цели обучения из долгосрочного плана	2.3.5.3 объяснять значение дружбы народов Казахстана.
Цели урока	**Все будут** объяснять значение дружбы народов Казахстана. **Большинство** будут анализировать национальный состав класса,

	познакомятся с внешним видом и другими особенностями людей разных национальностей. **Некоторые** смогут рассказать о численном составе населения Земли, государства, города/села.
Воспитательная цель	Воспитывать толерантность, интерес к традициям других народов.

Этап урока/ Время	**Действия педагога**	**Действия ученика**	**Методы оценивания**	**Ресурсы**
Начало урока	**Позитивный настрой.** «Повторяй и развивай свой мозг» Ш. Ахмадуллин «Карта тела». **Упражнение «Повтори за Машей».** - Оцени свой уровень.	Выполняют кинезиологические упражнения 1 минуту.	Оценивается точность и быстрота выполнения. Уровни: ученик мастер чемпион	Приложение 1 
	Актуализация знаний. Проверка ДЗ. РНО СО **Повторите определения.** Права детей записаны в Конвенции о правах ребёнка. Обязанности- перечень действий, обязательных для выполнения.	Анализируют свой СОР.	Самооценисание.	Приложение 2
	Целеполагание. с 28 №1,2 - О чем говорит пословица? -Что показано на диаграмме? - Какую цель поставим перед собой на уроке?	самостоятельно формулируют цель урока **Цель:** объяс-нять значение дружбы народов.	Фейерверк	Приложение 3 Цель записывается на доске.
	Работа над новым материалом. Мы дружной семьёю живем в Казахстане Татары, уйгуры и русские с нами. Так пусть же крепнет во веки веков Дружба народов всех возрастов. Дружба народов — не просто слова, Дружба народов навеки жива. Дружба народов — счастливые дети, Колос на ниве и сила в расцвете. Дружба народов— бескрайний простор, Мир и согласие, девичий хор, Звонкая песнь чабана молодого, Сад, виноград возле дома родного. Видео «Мы разные по внешнему виду»+ https://www.youtube.com/watch?v=ZUSwefvbHKo&t=24s&ab_channel=%D0%	Анализируют стихотворение.	Словесная похвала	Приложение 4  

	A2%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%D0%BD%D0%B0%D0%A1%D0%B5%D0%BC%D1%83%D1%88%D0%B8%D0%BD%D0%B0 - Какие национальности проживают на территории Казахстана? - Какие у них обычаи и традиции? Национальные блюда? Одежда? **Практика «Национальности нашего класса».** - Посчитаем и заполним карту о национальном составе в нашем классе.	Рассуждают о национальностях.		
	Физминутка https://www.youtube.com/watch?v=dxhOppM4XDM&ab_channel=SuperParty	Эмоциональная и физическая разгрузка	3 хлопка	
	Работа с определениями. Ссылка на определения раздела. https://quizlet.com/816093588/2-%D0%9C%D0%BE%D1%8F-%D1%81%D0%B5%D0%BC%D1%8C%D1%8F-%D0%B8-%D0%B4%D1%80%D1%83%D0%B7%D1%8C%D1%8F-flash-cards/?funnelUUID=99573c76-ea87-41af-a915-c3b075b60504 Национальность - принадлежность к какой-либо народности. Государственный язык-казахский язык. Ассамблея народов Казахстана - организация, созданная для укрепления дружбы между народами. 1 мая-День единства народа Казахстана.	Учат карточки. Учатся пользоваться ссылкой на термины раздела.	Взаимопроверка	Приложение 5
	Закрепление. -Укажите численный состав людей. - Подпишите части национального костюма (бөрік, бешмет, шапан, дамбал, кимешек, камзол?, көйлек)	Заполняют схему.	Самопроверка	Приложение 6
	Работа по учебнику с 28-30	Читают параграф учебника.	Словесная похвала	Приложение 7
Конец урока	Итог -Чему научились на уроке? Рефлексия -Достигли ли мы цели урока?	Рефлексируют по материалу урока		Учебник с 28-30 Я, определения ПМ 2

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Алиева Римма Боранбаевна

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІ. ЭТНОСТИЛЬ. ОЮ-ӨРНЕК СТИЛИЗАЦИЯСЫ

Ақтөбе қаласы, Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы дизайн және технология пәні мұғалімі

Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.1.2.1-Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету. 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
Сабақ мақсаттары	Қазақтың ұлттық киімінің ерекшелігі туралы түсінік береді; Ұлттық киімнің заманауи модельдері (этностиль) туралы түсінігін кеңейту.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтың іс-әрекеті	Оқушы-лардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру	Амандасу. Оқушыларды түгендеу, зейіндерін сабаққа аудару. Сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру мақсатында «Жылулық шеңбері» тренингін өткізу.	Оқушылар амандасып, тілектер айтады.	Қалыптасты рушы бағалау	Оқулықтағы түсініктеме лер мен берілген суреттер, слайд
	Оқушыларды 2 түсті (қызыл, жасыл) түстер арқылы топқа бөлу. 1-топ: «Шеберлер» 2-топ: «Дизайнерлер» «Веер»  әдісімен сұрақтар қою арқылы өткен тақырыпты қалай меңгергенін анықтау. 1. Сәндік қолданбалы өнеріне нелер жатады? 2. 1-тоқсан бөлімі бойынша қандай бұйым жасалды ? 3. Ши тоқуға қандай құралдар қажет ? 4. Киіз басудың неше түрі бар ? Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау. Жаңа сабақтың тақырыбын оқушылар «Мозайка» әдісімен	Бірін –бірі бағалау.		

Жаңа білім Сабақ ортасы	  жасырын суреттер арқылы табады. Оқушылар бейнематериал тамашалап, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. *«Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы»* Сабақтың мақсаты айтылады. **Этникалық стиль** – киім жиынтығында белгілі бір халықтың (этнос) ұлттық костюмінің ерекшелігін жаңғыртатын стиль. Жиынтық дайындау барысында ең бастысы осы немесе өзге ұлттың киіміне тән пішім, материал, реңк, ою-өрнек, сән, аксессуарларды қолдану болып табылады. Заманауи қазақстандық дизайнерлер туралы материалды пайдалана отырып, «этностиль» «стилизация» ұғымының мәнін түсіндіріп өту. Қазіргі шеберлердің көпшілігі киім моделін дайындауда ұлттық нақышты қолданады. Бұл стиль «этно» (халықтық) деп аталады. **Өрнекті стилизациялау**-шынайы пішінді өрнекке айналдырып, түрлендіретін авторлық жұмыс. Стилизация үдерісінің үш тәсілі болады. Бүгінде стилизациялау кеңінен қолданылады. Мысалы: Ою-өрнектің стилизациясы мен алманың заманауи түрдегі стилизациясы. Этностильдегі заманауи киімдердің фотосуреттерін көрсете отырып, этностиль түсінігі туралы шағын ақпарат береді, сонымен қатар қазіргі қазақстандық дизайнерлер, мысалы: «Құрақ көрпе» - сән студиясы, Аида Кауменова, Ая Бапани, Б.Асанова, «Сымбат» сән студиясыжәне т.б. Бірақ заманауи қазақ қызының бүгінгі стилі бұрынғыдай емес. Сән әлемі бір орында тұрмайды, күн сайын жаңа киім үлгілері шығып, трендтер өзгеріп отырады.	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлері-мен бөліседі Жаңа тақырыпты дәптерге жазады. Үш тілдік сөздік Дескриптор -әртүрлі халықтың ұлттық киімінің түрлерін біледі, ою-өрнек түрлерін анықтайды; - қазақтың ұлттық киімінің жас бойынша бөліну мәнін түсінеді; - этностильдегі ұлттық киім түрлерімен танысады. Оқушылар топта этникалық стиль, оның түрлері туралы презентациядағы ақпаратпен танысады, қорғайды.		Ұлттық киімдер бейнеленген фотосурет-тер (Қазақтың ұлттық киімі) https://www.youtube.com/watch?v=6JvjRS1r2I *Этностиль https://www.youtube.com/watch?v=Y0FVLXLEAxA* *Өрнек стилизациясы https://www.youtube.com/watch?v=1uwfyePR1eg*

	Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреміз. **1.Тапсырма:** Постер қорғау Қазақтын этностиль киімі туралы таныстырылым дайындандар. *Сергіту сәті:* «Wordwall» платформасы арқылы сұрақтарға жауап беру. **2-тапсырма:** Екі топқа стилизацияға ұшыраған бұйымдардың суреттері беріледі ,соның түп нұсқасын тауып суреттерін салу, олардың ұқсастығын табу. Ою-өрнек және табиғи мотивтердің стилизациясы.  1. Стильденген табиғи мотивтерді қарап шығындар. 2. Ол заманауи ою-өрнектерден қалай бейнеленген. Сәндік суретін салу. АКТ пайдалана ізденіп жануардың не өсімдіктің стильндегі өрнек стилизациясын құрастырыныздар. «Кластер» әдісімен тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер).	Дескриптор: - Ою-орнек мотивтерін айтады, - Ою-орнек пен тірі табиғатты пайдаланып өрнектеу стилизациясы арқылы өз идеяларын заманауи бағытта құрастыралады. - Туындыларын шынайы өмірмен байланыстыра алады.	КБ: «Үш шапалақ» әдісін пайдалана отырып оқушылар бағалай-ды. КБ:«Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бірін бірі бағалайды.	
Сабақты бекіту.	*«Ашық микрофон» әдісі.* Сұрақтар: 1.Қазақтың ұлттық киімдеріне нелер жатады? 2.Этностиль деген не? 3. Этностильде заманауи киім дайын-дауға бола ма? Мысал келтіріңдер. 4.Сән өнеріндегі қандай отандық киім дизайнерлерін білесіңдер?	Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп, білгендерін айтады	Қалыптасты рушы бағалау: Оқушылард ың айтқан жауаптарын а пікір қалдыру.	
Кері байланыс	*«Қоржын»* Қызыл түс-бүгінгі сабақ ұнады Сары түс-барлығы түсінікті Жасыл түс-барлығы жақсы	Өз ой пікірлерін білдіру		
Үйге тапсырма	Этностильдегі бас киім дизайны -тақия тігіп үйренеміз. Керекті құрал –жабдық-тар, қайшы, ине жіп, фетр матасы.	Күнделіктеріне жазу		

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ «КІТАПХАНА ІСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Даулеткалиева Гулмирам Косымовна

Ақтөбе қаласы, Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі Кітапханатану

.

«Кітапхана ісі» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы, Ақтөбе қ., Қазақстан

Бүгінгі таңда сапалы мамандарды даярлау мәселесі — өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК 2022-2023 оқу жылынан бастап 03220100 - «Кітапхана ісі»мамандығы, 4S03220101- «Кітапханашы» біліктілігі бойынша дуалды оқыту жүйесі бойынша мамандар даярлана бастады. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты-техникалық кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, жаңа заманауи технологияларды, жаңа иновациялық технологиялық бағдарламаларды меңгере алатын дайын мамандарды даярлау. “Кітапхана ісі” мамандығы бойынша өндірістік базалар, облысымыздың ірі көпшілік және жоғары оқу орындарының ғылыми кітапханалары.

Бүгінгі таңда С.Бәйішев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы, Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы, Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы филиалының Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кітапханасы, Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университетінің ғылыми кітапханаларымен келісім шарт жасасып, осы аталған базаларда “Кітапхана ісі ” мамандығының студенттері технологиялық тәжірибеден өтуде**.** Сонымен бірге, «*Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжі*», «*Ақтөбе көлік*, байланыс *және* жаңа технологиялар *колледжі*», «*Ақбөбек*» *халықаралық мектебінің кітапханаларында да* өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп*, машықтануда.* Себебі, бітірген түлектер көпшілік кітапханалар мен оқу орындары кітапханаларына орналасады. Бұның ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға кәсіптік техникалық колледждер ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші, өндірістік мекемелердің де жауапкешілігі артады. Өндірістік тәжірибеге студенттер үш жақты келісім-шартқа отырған мекемелерге барады. Дуалды оқыту жүйесі бойынша білім алушылар оқу процесінің 60%-дан астамын кітапханаларда тағылымдамадан өтеді, демек, кәсіби дағдыларын едәуір арттырады. Дуалды оқыту жүйесі бойынша оқытудың тағы бір тиімділігі білім алушыларға еңбек кітапшасының қатар жүргізілуі және жұмысқа орналасуы. Биылғы бітіруші түлектердің арасында жұмыс берушілердің сұранысы бойынша, жұмысқа орналасып, жұмыс орнында жұмыстың әдістерін, қыр сырын үйлесімімен үйреніп сұранысқа ие нағыз өз ісінің шебер иесі болуға тырысуда.



Білім алушылар кітапхана базаларында ғылыми-практикалық конференциялар мен түрлі байқауларға қатысады. Сонымен бірге, ұстаздар ашық сабақтарын кітапхана базаларында өткізе алады. Кітапхана саласында қолданылып жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық ресурстар, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің жаңа формалары, кітапхана қорларын автоматтандыру – бұл бүгінгі күннің талабы. Кітапханалардағы автоматтандырған бағдарламалар КАБИС, Веб-РАБИС бағдарламаларын еркін қолдана алады. Ақтөбе гуманитарлық колледж кітапханасында қажетті әдебиетті іздеуге мүмкіндік беретін және жекелеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқаларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық каталог «Платонус электрондық жүйесі» мен КАБИС автоматтандырылған бағдарламасы іске қосылып отыр. Мұның өзі колледж қабырғасында кітапхана ісі мамандығының білім алушылары үшін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік болып отыр. Оқу кабинеттері білім алушылардың білім алуына толық мүмкіндік жасалған. Оның ішінде интерактивті тақта, компьютер, көрнекі құралдар, кітапхана каталогтары мен картотекалары, библиографиялық құралдар, оқулықтар мен стендтер жасақталды. Сонымен қатар, халықаралық WorldSkills чемпионатының талаптарына сәйкес, кітапханашы құзіреттілігі бойынша арнайы тапсырмалар әзірленіп, колледжішілік байқаулар ұйымдастырылып жүр. Бұл чемпионатқа сарапшылық жасауға әлеуметтік серіктестік өкілдері шақырылады. WorldSkills чемпионатын өткізудің мақсаты – болашақ мамандардың кәсіби шеберлік шеберлік дағдылары мен қызығушылығын арттыру. Бүгінде дуалды оқыту мен WorldSkills чемпионаты сияқты байқауларды өткізу, білім алушылардың оқу сапасын жоғары деңгейге көтеріп отыр деп сеніммен айтуға болады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік және теория мен тәжірбиенің үйлесімді болуынан дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі болып отыр. Елімізде қанша көпшілік кітапханалар мен оқу орындары оның ішінде, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары болса, сонша кітапханаларда жұмыс орындары бар. Еңбек нарығында кітапханашыларға сұраныс бар.



Әдебиеттер:

1. Қалиева Г.И. Формирование культуры будущего специалиста /Г.И. Қалиева. – Алматы, 2001. - 212 б.

2. Шерстнева Н.В. Дуальное обучение – перспективная система обучения в ТиПО Костанайский современный многопрофильный колледж, г. Костанай. URL: http://pedagog.kz (16.03.14).

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Әдепова Жадыра Серікбайқызы

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақжар аулы, Саға мектеп-балабақшасының тәрбиешісі

КӨҢІЛДІ ҚЫС

Мақсаты: Қыс туралы білімдерін бекіту. Балалар қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы сұрақтарға жауап береді, қыс айларын атап қысқы ойын түрлерін ойнай алады. Балалардың ой- өрісін, шығармашылық қызметін, құрастыра білуін кеңейтіп, сыни ойлауын дамыту. 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру.

Мотивациялық қозғаушы күш

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, балалар? Менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме?

Балалар: Қар

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз осы қарды ерітеміз. Ол үшін қарды ыдысқа салып қоямыз. Қар аппақ, жұмсақ әрі суық болады. Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын.


Шана сырғып желетін,
Шаңғы, коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын,
Бұл қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: Қыс мезгілі

Тәрбиеші: Әрине, қыс мезгілі. Қыс айларын атап шығайық (желтоқсан, қаңтар, ақпан)

Енді, балалар қыстың ерекшеліктерін айтайық. Ол үшін мына суретке қарайық.









Тәрбиеші: Қазір қыс мезгілі. Қыста қар жауады. Дала суық, адамдар жылы киінеді. Балалар қар лақтырып, аққала жасап ойнайды. Балалар шана мен шаңғымен сырғанайды.

Балалар кәне, мына столға жақын келіп пішіндерді алайық.

/пішіндер арқылы үш топқа бөлу/

1. Сары үшбұрышты таңдаған балалар «Қолғаптың сыңарын тап» еркін ойынын ойнайды.

2. Қызыл дөңгелекті таңдаған балалар «Жануар бейнесі» құрылымдалған ойынын ойнайды.

3. Көк төртбұрышты таңдаған балалар «Қар бейнесі» ПЖЖ ойынын ойнайды.





Сергіту сәті: Боран соқты оң жаққа,

Боран соқты сол жаққа.
Қар лақтырып ойнаймыз
Су өтеді қолғапқа.

Қорытынды: Еркін ойын «Дұрыс тап»

Ойынның шарты: Қыс мезгіліне қатысты суреттерді тауып тақтаға іледі.

Тәрбиеші: Балалар біздің қарымыз еріп, су болып кетіпті қараңдаршы. Қардың су болатынын білдік.

/Балалар сары, қызыл, көк пішіндер бойынша стикерлерді өздері жасаған жұмыстарына орналастырады/

Күтілетін нәтиже: Балалар қыс мезгілінің еректешіктері туралы сұрақтарға жауап берді, қыс айларын атап қысқы ойын түрлерін ойнай алады. Балалардың ой-өрісі, шығармашылық қызметі, құрастыра білуі, сыни ойлауын дамыту.

Бүгінгі ұйымдастырылған іс- әрекетімде 4К моделі, яғни топпен жұмыс жасай отырып, балалар командада жұмыс орындауын, жұппен жұмыс орындай отырып қарым-қатынастың дамуын, өз ойларын жеткізу арқылы айтылым дағдыларын қалыптастыра алдым. Балаларды шығармашылық тұрғыдан ойландыра отырып креативтілігін дамытып, балалардың сыни ойлауын, айтылым дағдысын дамытамын.

Изтлеуова Самал Косаевна

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІ. ЭТНОСТИЛЬ. ОЮ-ӨРНЕК СТИЛИЗАЦИЯСЫ

Ақтөбе қаласы, Д. Қонаев ат. ЖББО мектеп-гимназиясы дизайн және технология пәні мұғалімі

.

Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.1.2.1-Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету. 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	• Қазақтың ұлттық киімінің ерекшелігі туралы түсінік береді; • Ұлттық киімнің заманауи модельдері (этностиль) туралы түсінігін кеңейту.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтың іс-әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	Сәлемдесу. Түгендеу. Жағымды психологиялық ахуал орнату. **«Шаттық шеңбері»** **Топқа бөлу:** **1 топ: Қазақтың ұлттық оюлары** **2 топ: Этно оюлар** Өткен тақырыпқа шолу. Сұрақтар қою арқылы сұрау	Оқушылар амандасады. **«Сені көргеніме қуаныштымын себебі...»** (оқушылар өздерінің қасындағы оқушылардың жақсы қасиеттерін айтады)	Қалыптастырушы бағалау: Үш шапалақ! Жарайсың!Бәр екелді! Өте жақсы!	Шаттық шеңбері 

	1. 1 тоқсанда қандай бөлім болды? 2. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне нелер жатады? 3. Киіз басудың неше түрі бар? (екі түрі) құрғақ және ылғалды басу		.	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген суреттер Слайд
Жаңа білім	«Миға шабуыл» әдісі Оқушылар бейне материалды тамашалап, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды. Қазақтың ұлттық киімдері суреттеріне нұсқау жасау. Сұрақ қою: 1. Балалар мына суреттерде нелер бейнеленген? 2. Бұл суреттің бүгінгі сабаққа қандай қатысы болуы мүмкін? «Түртіп алу» әдісі Сабақтың мақсаты айтылады. Қазақтың ұлттық киімдері-жазы ыстық, қысы аяз, аңызақ желді, ауа температурасы өзгермелі келетін даланың тұрмыс –тіршілігіне бейімделген материалдық мәдениеттің бірегей көрінісі. Қазақ ұлттық киімі қарапайым, көркем, үйлесімді, қолайлы, суықтан, ыстықтан, желден қорғауға арналған. Қәзіргі шеберлердің көпшілігі киім моделін дайындауға ұлттық нақышты қолданады. Бұл стиль «этно» (халықтық) деп аталады. Этностиль халықтың ұлттық киімін жандандырады. Костюм даярлауда сол халыққа тән пішім үлгісі, материалдар, түс, ою-өрнек, аксессуарлар қолданылады. Этностиль киімінің ерекше үлгісі ретінде сән әлемінен өз орнын алды. Бүгінгі таңда Қазақстанда этникалық бағытта жаңа топтамаларды шығаратын дизайнерлер жұмыс істейді. Олар «Құрақ көрпе» - сән студиясы, А.Кауменова, Ая	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі Жаңа тақырыпты дәптерге жазады. Үш тілдік сөздік Оқушылар топта этникалық стиль, оның түрлері туралы презентациядағы ақпаратпен танысады, қорғайды.	Дискриптор -әртүрлі халықтың ұлттық киімінің түрлерін біледі, ою-өрнек түрлерін анықтайды; - қазақтың ұлттық киімінің жас бойынша бөліну мәнін түсінеді; - этностильдегі ұлттық киім түрлерімен танысады. Үш шапалақ! Жарайсың! Бәрекелді! Өте жақсы!	халқының ұлттық киімі бейнеленген фотосуреттер (Қазақтың ұлттық киімі) https://www.youtube.com/watch?v=6JivjRS1r2I Этностиль https://www.youtube.com/watch?v=Y0FVLXLEAxA

	Бапани, Б.Асанова, «Сымбат» сән студиясы және т.б. Әшекей үшін ұлттық нақыштағы ою-өрнекті стиль элементі ретінде қолданады. Ең бастысы –ұлттық киімге ұқсату емес, қазіргі заманға лайық, жаңа үлгілер жасау. Ою-өрнектердің мәні терең, әр өрнектердің өз тарихы бар. Өрнекті стилизациялау- шынайы пішінді айналдырып, түрлендіретін авторлық жұмыс. Қолөнершілер шығармашылық ізденістің арқасында ол жаңашыл сипат алып, жаңа жанрғаларға айналуда. Бүгінде стилизациялау кеңінен қолданылады. Мысалы: Ою-өрнектің стилизациясы мен алманың заманауи түрдегі стилизациясы. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреміз. 1.Тапсырма: Постер қорғау «Егер мен дизайнер болсам...» қазақтың этностиль киімі туралы таныстырылым дайындау. Өз қалауларынша, ортада қорғау. Қ.Б: «Екі жұлдыз, бір тілек» Сергіту сәті.» Жаңылтпаш айту. Практикалық жұмыс Топтық жұмыс. «Іздеп тап әдісі» 2. Екі топқа стилизацияға ұшыраған суреттер беріледі, соның түп нұсқасын тауып суреттерін салу, олардың ұқсастығын табу. Ою-өрнек және табиғи мотивтердің стилизациясы. 	. Қазақтың ұлтты киімдерінің түрлерін табу. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Жасанды интелект арқылы жасалады. Оқушылар топтасып ақылдасып, пікір алмасады.	Дескриптор: - Ұлттық киім, ою-орнек түрлерін атайды. -Қолөнер, дизайн туындыларын түсінеді. Дескриптор: - Ою-орнек мотивтерін айтады, - Ою-орнек пен тірі табиғатты пайдаланып өрнектеу стилизациясы арқылы өз идеяларын заманауи бағытта құрастыра алады; - Туындыларын шынайы омірмен байланыстыра алады; 	Өрнек стилизациясы https://www.youtube.com/watch?v=1uwfyePR1eg Жасанды интеллект

	1.Стильденген табиғи мотивтерді таратып,олар қандай аң-құс, өсімдіктермен байланысты? 2. Ол заманауи ою-өрнектер-ден қалай бейнеленген. Сәндік суретін салу. Сыйқырлы ұяшықтар. Ұяшықтарды таңдай отырып, сұрақтарға жауап беру	Ұяшықтарды таңдай отырып, сұрақтарға жауап береді	КБ:«Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бірін бірі бағалайды.	
Сабақты бекіту.	«Қар кесегі» әдісі. Сұрақ-жауап: 1.Қазақтың ұлттық киімдеріне нелер жатады? 2.Этностиль деген не? 3. Этностильде заманауи киім дайындауға бола ма? Мысал келтіріңдер. 4.Сән өнеріндегі қандай отандық киім дизайнерлерін білесіңдер? 5. Қандай ою-өрнек түрлерін білесіңдер? 6.Стилизация дегеніміз не?	Оқушылар қар кесегі әдісі арқылы топтар, бір –біріне сұрақтар жазылған қағаздар лақтырып, жауап береді	Қалыптастыру-шы бағалау: Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	
Кері байланыс	**«Көңіл күй» букеті .** Қызыл түс-бүгінгі сабақ ұнады Сары түс-барлығы түсінікті Жасыл түс-барлығы жақсы	Өз ой пікірлерін білдіру		
Үйге тапсырма	Этностильдегі бас киім дизайны -тақия тігіп үйренеміз. Керекті құрал – жабдықтар, қайшы, ине жіп, фетр матасы.	Күнделіктеріне жазу		

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МЕН ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

Искакова Күнімай Смайловна

Ақтөбе қаласы, «Д.Қонаев ат.жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы»КММ-нің көркем еңбек пәні мұғалімі

Қоғамның ең басты талаптарының бірі-әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдық байлықты еселеп атсалысу. Ол үшін әр адам еңбекке лайық тәрбиелену керек. Елбасы Н.Ә. Назарбаев білімді ұрпақ жарқын болашақ кепілі екендігін үнемі айтып отырады. Білім берудің жаңа жүйесін жақсарту және білімнің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жаңғырту бәсекеге қабілетті, шығармашылық бағытта еңбектенген әрі өзіндік ой –қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Елбасымыздың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынның сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіспен ақпаратты терең талдау машығын игеру білуге тиіс» деген болатын. Білім берудің жаңа бағыттарының ерекшеліктері оқытудың нәтижесін алдын ала болжап, оқушылардың қызығушылығымен, ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп оны санасында зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды қажет етеді. Еңбеккке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар беру мектеп оқушысының қоғамға пайдалы өнімді тікелей қатысы мен саналы көзқарасын тәрбиелеуде азамат болып өсудің негізгі көзі.Оқушылардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру еңбекке деген шеберлігімен, икемділігін қалыптастыру, ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт- дәстүрімен таныстыру біздің міндетіміз.Ұрпағына өнеге қалдырған бай мұрасы- тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесіне толы. Адам баласын еңбектенуге тәрбиелейтін қолөнер ата-бабамыздың үлкен даналық ойынан, ұшқыр қиялынан шыққан өнер туындысы. Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындату, ұлттық тәрбиеге ұштастыру қажет.Кез келген оқушының көркемдік дүниені қабылдауы, эстетикалық талғамы, сезінуі әр түрлі болады. Сондықтан жеке- дара қабілетін ескере отырып, өз білімімен ізденуіне, өз ойын жеткізуіне шығармашылық жұмыс жасауына жағдай туғызуымыз қажет. Қолөнерді дамыту арқылы оқушылардың бойынан мынадай дағдыларды қалыптастыруға болады .

-Рухани мәдениет
-Еңбекқорлық
- Ұлтжандылық
-Шеберлік
-Ұқыптылық
-Шығармашылық

Қолөнермен айналысқан баланың жан дүниесі артып, таным шеберлігі кеңейіп, әсемдікті өз көзімен көріп, сұлулықты

сезініп, шығармашылық қабілеті қалыптасады, эстетикалық талғамы, рухани байлығы дамиды десем қателеспеймін. Эстетикалық тәрбие дегеніміз бұл әсемдік, музыка, сурет, мүсін, қолөнер бұйымдары арқылы оқушылардың көркем танымын, сезімін тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие – адамгершілік тақырыбының ең маңызды саласы. Сондықтан да оны тәлім – тәрбиенің басқа түрімен байланыстыра мейілінше шебер жүргізу технология пәні мұғалімдерінің үлесіндегі міндеті. Мысалы үйірме сабағында дайындалып жатқан бұйымның эсетиткалық жағына, оқушы бойындағы көркем өнерге деген ынта-ықыласын қолдай отырып табиғи болмысындағы шығармашылық қабілетінің дамуына жете мән беруіміз керек. Айталық оқушының материалды дұрыс таңдау, түр –түс реңді байқай білу, ерекшеліктерін ажырата білу қабілетіне мән беріп, үйлесімділікті, дәлдікті ескеру нәтижесінде оқушының санасын, танымын қалыптастыруға тиімді ықпал жасайды. Мұндағы ең бастысы оқушылардың ақиқатты эстетикалық тұрғыдан көруге үйрету. Атап айтқанда көркемдікті көріп отырып, оны көркемдік бейнеде, әрине өздерінің күш-қуаты мен мүмкіндігіне қарай шығармашылықпен көрсете білу болып табылады. Яғни, мұғалім баланың іскерлік қабілетін арттырып, әсемдікті өз көзімен көруіне жағдай жасайды. Әрбір оқушының эстетикалық таным ерекшеліктерінде байқалған бейімділік көріністеріне назар аударып, оған бағыт- бағдар нақты тапсырмалар орындатып, оларға өздігінен ізденуіне жол нұсқап, оқушы бойындағы әлі көрінбей жатқан мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасауды есте сақтау керек. Сыныптан тыс үйірме және жаппай жұмыс түрлері еңбек тәрбиесін іске асыруда коррекциялық тәрбиелік мәні өте зор. Пән үйірмесіндегі сабақтар оқушыларды еңбекке баулиды. Олардың шығармашылық ойының дамуына мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір оқушының үйірме сабақтарында шығармашылық қатынастарын байқайды. Үйірме жұмыстары келешекте мамандықты таңдап алуына көмектеседі. Үйірме жұмыстарымен жаппай жұмыс толықтырылады.

Оқушылар үйірме сабақтарында жан-жақты қолөнерімен танысып, оны қызаға отырып орындауға тырысады. Өзіне -өзі қызмет көрсетуде де еңбек тәрбиесі үйретеді. Қолөнер шығармаларын технология сабақтарында оқып, зерттеп, жасалу жолдарымен танысып, білгендерін көйлдеріне тоқып өскен бала өнердің қыр-сырын меңгеріп өз бетімен өмір сүруде айтарлықтай тәжірибе жинақтайды. Ал оқушының қызығушылын арттыруда мұғалім сабағында көрнекілік құралдар, ресурстар, еңбек туралы нақыл сөздер, мақал мәтелдерге талдау жасатуды көп пайдаланған абзал.

Көрнекіліксіз білім беру, құмға сіңген сумен тең. Бұған ұлы Конфуцидің «маған айтып берсең- ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деген сөзі дәлел. Бүгінде адамдардың қиялы жеткен жерге қолы жетіп отыр деп айтуға болады.

Сондықтан да адамдар теориялық немесе өмірлік білім алып қана қоймай, өз бетімен ізденіп білімін шыңдауы керек. Жаңа ақпа-ратты жүйе бізге таныс білім алу үлгісін өзгертіп жіберіп отырады. Технология пәнінде оқушылар саламандық жүзінде сабақты меңгерген болса, қазір теория мен практиканы жақсы ұштастырады.

Өйткені технология пәнінен оқушылардың шығармашылық бағытын қалыптастырудағы жаңашылдық бойынша сабағыма енгіздім. Оқушылар сабақта теорияны жақсы меңгереді , өз ойын ашық айта алады, бір- біріне көмектеседі, бірін-бірі бағалайды. Оқушылардың өзі жасап шығарған бұйымдарына қызығушылығы артып эстетикалық талғамы оянады. Өз ісіне мақтанады, сенімділік туады. Өз қолымен жасалған бұйым құнды екенін түсінеді, ләззат алады, өз қиялы, өзіндік

пікірі, өз көзқарасы пайда болды. Өзін-өзі құрбыларын бағалайды қиындықтарды шеше алатындай қабілет қалыптасады. Еңбек және үйірме сабақтарында үйренген, орындаған бұйымдарын өзіне, ата-анасына қоғамға пайда келтіретінін ойлап оқушы өзінің қиял әсерімен орындауда құлшына ынтасымен кіріседі.

Өз қолдарымен жасаған дүниелерін сатып еңбек сабағына керекті құрал жабдықтар ала алады. Қолөнерді үйрену арқылы шығармашылықпен ұштастырып білм алу, еңбек етуге баулумен қатар салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Кез келген бұйымның тарихын ашып құпиясын білу қосымша әдебиеттерден мағлұмат алу жасалу технологиясымен танысу оқушылардың шығармашылық іске кірісуіне жол ашады. Бүгінгі білікті маман жұмыскер өз саласындағы өндірістік міндеттерді жақсы атқарып қана қоймай, оған қоса жобалай білуі, дұрыс шешім қабылдап, шығармашылық жұмыстарды орындай алатын болуы қажет. Оның басты себебі ғылымның тез қарқынмен дамуына және жаңа технологиялардың өмірге енуіне байланысты кез-келген кәсіптік мамандыққа қойылатын талаптар тез өзгеріп отырады. Осылай әрбір адамға өмірде 2-3 мамандықты игеру қажеттігі туындайды. Жалпы технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрену, оны заманға сай дамыту арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын байқаймыз.

Еліміздің дамыған алып мемлекеттер қатарына қосылуы, ертеңі салиқалы да зерделі білім алған жастарға байланысты екені түсінікті. Адам өмірінде бақыт пен қуанышқа тек адал еңбегімен жетеді. Тәуелсіз еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын көкірегі ояу, саналы арманшыл жастар екендігі даусыз. Сондықтан да болашақты тәрбиелеу мұғалім қолында.





«Қазақтың ұлттық киімдері» тақырыбындағы ашық сабақтан көрініс





«Алтын ине» үйірмесі оқушыларының жұмыстары

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ОРЫСТІЛДІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ОҚЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Капенова Арайлым Достановна

Ақтөбе қаласы, «№17 гимназия» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Заман талабына сай қазіргі білім беру жүйесінде білімнің мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту – білім реформасының жүзеге асуының өзекті мәселесі болып отыр. Осы талапқа сай білім алушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылық-тарын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дамыту, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен нағыз отансүйгіш азаматты тәрбиелеу және оның жақсы маман болып қалыптасуы жолындағы еңбегін қолдау білім беру саласының басты міндеті.

Бүгінгі ұстаздардың алдында тұрған проблемалардың бірі – бала бойындағы еркіндікті қалыптастыру, оның белсенділігін арттыру, өз бетінше шешім қабылдай білуге үйрету, ойын жинақтай алуға дағдыландыру, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ойын дәлелді жеткізе білетін, ойлай алатын жастарды тәрбиелеу.

Білім алушылармен түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып сабақ өткізу – олардың білімге құштарлығын оятып, сыни ойлауын қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру және оқуды жақсарту, оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қолданған дұрыс әрі тиімді болмақ.

Соңғы жылдары университет оқыту-шылары тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) деңгейлеп оқыту әдісі бойынша жұмыс істеп келеді, білім алушылар тілдерді меңгеру деңгейіне қарай, яғни факультеттегі барлық мамандықта оқитын оқушылар өз деңгейлері бойынша (A1, A2, B1, B2, C1) топшаларға бөлініп оқытылатын болды. Бұл әдіспен оқыту қазақ тілін жүйелі түрде оқытып, оны дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Біздің ойымызша, бұл бағытта жұ-мысты бастамас бұрын, ең алдымен оқушы-ларға білімді қалай алудың жолдарын үй-реткен жөн. Бүгінгі қоғам алдында тұрған басты міндет өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оларға сапалы білім беру бағытында қоғамдағы барлық мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті жас-тарды тәрбиелеу. Себебі, бүгінгі білімді әрі тәрбиелі жас ертеңгі жасампаз елдің кепілді болашағы болмақ. Ендеше, осы бағыттағы жұмысымыз нәтижелі болу үшін оқытушы-лар тарапынан әрқашан білім берудің жаңа, тиімді, нәтижелі оқу әдістері қолданылады.

Сабақ барысында бір оқушылар өзін көрсетіп, алға ұмтылса, ал кейбір оқушылар өз ойын жинақтағанымен өзін көрсете алмауы мүмкін. Бұл үшін оқытушы ең алдымен білім алушылардың жұмыс жасау барысын бақылау арқылы оның икемділі-гін, қабілетін, қандай тапсырмаларды орын-дауда қиналатынын және керісінше әрекет-терін байқауы керек. Бұл әрекет аса қиынға түспейді. Осы арқылы біркелкі жалпы білім алған оқушылардың арасында өз ойын салмақтап, оны, яғни тапсырманы қалай орындау қажеттілігін ойланып, өзін-өзі

іштей даярлап алып орындауға кірісетін білім алушылар жұмысты орындау кезінде көп уақытын жоғалтқанымен қорытындысында жұмысы нақты да жүйелі болып шығады. Нәтижесінде, өздері ғана үйреніп қоймайды, группада оқитын басқа оқушылармен де бөліседі, пікір алмасады, ал білмегендерін сұрап, айтып отырады. Олардың пәнге деген қызығушылығы артады. Бұндай жетістіктерге қалай қол жеткізуге болады?

Ең алдымен, оқушының тілдік қабілетін, біліктілігін, әлеуметтік мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет. Тілді жетік меңгерту үшін әртүрлі тілдік әрекеттерді орындау арқылы қол жеткізуге болады. Осы әрекеттерді меңгеру барысында білім алушы қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін біледі, тілдік оралымдарды қолданып үйренеді, сөздік қорын молайту арқылы олардың мағыналық топтарын игереді, қазақ тілін қолдана отырып, тұтас халықтың тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүрлерімен танысады.

Қашықтықтан білім алу жағдайында тілдік әрекеттердің оқылым әрекетін орындау кей уақытта қиындық туғызуы мүмкін (мысалы, ғаламтордың нашар жұмыс істеуі, оқушының кітапханаға қолжетімділігінің шектелуі және т.б.). Оқылым әрекетін жүзеге асыру үшін осы бағыттағы жаңа әдістер мен тәсілдерді үнемі зерттеп, зерделеген жөн.

Оқылым дағдысы – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдау және түсіну, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселені сын тұрғысынан бағалау, негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу деңгейіне бағытталады.

Ал оқылым дағдыларын бағалау: мәтінмен жұмыс (стилі, жанры, тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу, ақпаратты өңдеп пікірге қатысты (үндеу хат, мақала) жазу, түсініп оқу, жаңа сөздермен жұмыс, проблемалық сұрақтар құрастыру, тест тапсырмалары, кестемен жұмыс, салыстыру) кері байланыс беру, талқылау, талдау әрекеттерін қарастырады.

Қазақ тілі пәнінде мәтінтану (оқылым/тыңдалым) мен мәтінтудыру (айтылым/жазылым) – қатар жүретін үдеріс. Барлық дағдыларда мәтін ұғымы қолданылады. Себебі, мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол – хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады. Оқылым дағдысын арттыруда мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты көп ізденісті қажет етеді.

Оқылымды, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсатын жақсарту дегеніміз жадағай мәтінді оқудан тұрмайды. Оны жақсартудың жүйеленген әдіс-тәсілдері бар. Ол үшін мәтінге талдау жасамас бұрын оқудың тиімді жолдарын анықтау маңызды, себебі «Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі». Солардың ішінде оқылым стратегияларын қолдана оқу – оқу сапасын арттыратын тәсіл. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасауда оқылым стратегиясының тиімдісін анықтап, қолдану арқылы мәтін талдауға кететін уақытты үнемдеге, нәтижеге жетуге, білім сапасының артуына қол жеткізуге болады. Оқылымның төмендегідей стратегиялары бар:

- Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.
- Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.
- Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.
- Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

- Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.
- Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.
- Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.
- Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.
- Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.
- Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

XXI ғасыр – білім, ғылым, технология ғасыры. Жаһандану қарқын алып, адам ресурстары басты капиталға айналған уақытта құндылықтар өзгеріп жатыр. Сондай өзгерістердің бірі – кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, жастардың кітапты ұялы телефон, гаджеттермен алмастыруы. Осыған орай, сұраныстың өзгеруіне қарамастан, ел ертеңі болар жас ұрпақтың кітап оқуға деген көзқарасын өзгерту қажет. Ол үшін оқырманның оқылым дағдыларын жақсарту механизмдерін жетілдіріп, оқылым стратегияларын меңгертіп, оқу барысында тиімді қолдануға жол ашу керек.

Ғалым Фариза Оразбаева өзінің еңбектерінде былай дейді: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынып оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу», – деген анықтама береді. Сөзін жалғастыра келе ғалым: «Оқылым дағдысы арқылы білім алушының танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады», - дейді [1].

Оқылым дағдысы арқылы білім алушылар мәтінді және оның мазмұны мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді.

Ф.Оразбаева өз зерттеулерінде: «Оқылымның берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады. «Оқылым дағдысы арқылы білім алушының танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады», - дейді ғалым [1].

Енді жазылым әрекетіне келетін болсақ, қашықтықтан білім алу жағдайында тілдік әрекеттердің жазылым әрекетін орындау оқылымға қарағанда аса қиындық тудырмайды деп ойлаймын. Дегенмен, жазылым әрекетін жүзеге асыру үшін осы бағыттағы жаңа әдістер мен тәсілдерді де зерттеп, зерделеп отыру керек. Олардың білім алушыларға тиімдісін тани алу тәжірибелі ұстаздың назарында болмақ.

Жазылым дағдысы – тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады.

Жазылым дағдыларын бағалау – шығармашылық бағыттағы сипаттау, баяндау (шағын әңгіме, эссе, қойылым сценарийі) және белгілі бір аудиторияға бағытталған дәлелді мәтіндер жазу (үндеу хат, пікір, мақала, жарнама), әңгіме, шығарма, эссе жазу, хат жазу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру және цитатамен жұмыс.

Жазылым әрекетін бағалауда келесі мәселелерді ескеру керек:

- Жазба жұмыстарын орындау барысында білім алушының коллеграфиялық, пунктуациялық, орфографиялық заңдылықтарды қолдануы;
- Тұтас жазбаша пікір қалыптастыру үшін бөлімдерді қиыстырып қамтуы;
- Мәтіннің құрылымын сақтауы (басы, оқиғаның дамуы, шарықтау шегі, соңы);
- Грамматикалық нормаларды сақтауы;
- Материалдық құрылымдық логиканың сақтауы (мазмұндама, шығарма, эссе).

Сөйтіп, қазақ тілін сауатты үйрету үшін білім алушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор деген қорытынды жасауға болады. Мектеп бағдарламасының талабына сай сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін бірнеше жазба жұмыстар жүргізілуі тиіс. Мұндай жазба жұмыстарына жататындар [2]:

1. Жазбаша жаттығулар
2. Қысқа мәтіндер
3. Жазбаша бақылау жұмыстары
4. Диктанттың түрлері
5. Жазбаша ойындар
6. Іс – қағаздарының үлгілері
7. Мазмұндама
8. Сөздікпен жұмыс
9. Шығарма

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде оқушылар қазақ тілінің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, грамматикалық құрылысын меңгеруге, ойын еркін жеткізуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге, сонымен бірге қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Сондықтан, оқу орыс тілінде жүргізілетін мамандық оқушылардың қазақ тілінде тілдік қатынас жасау деңгейін жетілдіруде, әсіресе жазылым әрекетін дамытуда арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер әлі де болса бар. Сөзімнің соңында жазылым тапсыр-маларын ұйымдастыру барысында орында-латын кейбір тапсырма түрлеріне тоқталып кетейін.

Күнделік жанры: Француз жазушысы Жюль Ренар: «Күнделік – адам жанының айнасы» деген. «Күнделік-күнделікті өмірің! Әрбір адам өзіне күнде есеп беріп отырса, өмірде қателігі аз болады. Күнделік сенін сырласың, әрі досың. Сондықтан мен өз сабақтарымда күнделік жазғызуды қолға алдым. Интервью жанры: көсемсөз жанры, журналистің бір не бірнеше адаммен қандай да бір өзекті мәселе төңірегінде сұхбат жүргізуі интервью барысында белгілі бір оқиғаның, құбылыстың мән-мазмұны маман әңгімелесушінің түсіндіруі, айтуы бойынша терең ашылады. Интервью жанры, негізінен, хабарламалы интервью және түсіндірмелі интервью болып екіге бөлінеді. Күнделікті көрген-білгенін интервью ретінде жазуға дағдыландыру да білім алушының тілдік құзіретін дамытады деп ойлаймын. Әңгіме жанры: оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Бұл жұмыс тұрақты орындалса да жетілдіретін тұстары әлі де болса баршылық. Айталық, көркем сөздерді, яғни тілдің көркемдеуіш құралдарын дұрыс пайдалана алуын үйрету керек. Ол үшін бұл жұмысты оқылым әрекетімен үндестікте орындаған жөн.

Осылайша, оқушылар алғашқыда берілген тапсырманы орындау кезінде қалыптасқан тәртіп бойынша жұмыс істесе, біртіндеп шығармашылыққа көшіп, өздігінше ізденетін болады деп күтілуде, яғни ақпаратты саналы қабылдап, өмірмен байланыстыра білетін болады.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғалы қаншама жыл өтсе де оның толыққанды қолданыста бола алмай отырғанына тек оқыту немесе ұстаздар кінәлі емес деп ойлаймын. Тұтас қоғам болып қолға алсақ, ана тіліміздің салтанат құрып, қоғам өмірінің әр саласында коммуникативтік қатынас құралына айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2006

2. М.Жанпейісова Модульдік оқыту теориясы. – «Өрлеу» БАҰО АҚ. Ақтөбе облыстық филиалы

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Караулбекова Гулмайра Сералыкызы

ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫН ӨҢДЕУ

Ақтөбе қаласы «№13 орта мектебі» КММ, музыка пәні мұғалімі

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	5.1.1.1 – музыканың түрін, стилі мен жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы (халық музыкасындағы, музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінігінің болуын) талдау. 5.1.3.1 – түрлі әндерді орындау барысында музыканын көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу;
Сабақтың мақсаты:	-Қазақ халық әндерінің орындалуын, олардың заманауи нақыштағы орындалуымен салыстырады. - Әндерді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізеді.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**I. Амандасу. Ұйымдастыру кезеңі:** **Сәлеметсіздер ме, балалар, ұстаз еңбегін бағалар!** **Сәлеметсіз бе, ұстазым, өнер білімге құштармыз!** **Психологиялық ахуал:** Күй тартамыз күмбірлі. Ән айтамыз көңілді, Би би-леймiз ырғақты Біз бастаймыз сабақты Random-group-generator арқылы топқа бөлу Дауысқа жаттығу: «До мажор гаммасы» I.Өткен тақырыпқа шолу жасау: «Кездейсоқ дөңгелек» әдісі 1.Интерпретация дегеніміз не? Интерпретация – композитор, дирижер, орындаушылардың музыкалық шығарманы жеткізудегі көркемдік шеберлігі. 2.Көркемдеуіш сөздер қандай әндерде кездеседі? Халық әндерінде ахау, әй, угәй-әй т.б.			

Сабақтың ортасы	3.Қолда жоқтың қиын -ай деген өлең жолдары бар ән қалай аталады? Халық әні «Беу айдай» 4. Тұрмыс -салт әндеріне қандай әндер жатады? Ән орындау. Толық сынып «Беу айдай» әнін орындайды. **Миға шабуыл. Сурет арқылы жаңа тақырыпты ашу.** **Сабақтың тақырыбы:** Халық музыкасын өңдеу. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Слайд. Бейнежазбаға назар аударайық. Музыкадағы өңдеу-белгілі бір мақсатқа сәйкес кез келген шығарманың түпнұсқасын орындауға немесе айтуға лайықтау. «Бір бала» халық әнін жеке, көп дауыста хормен тыңдау, талдау. Оқушылар өзіне таныс «Бір бала» халық әнін хордың орындауында тыңдайды. Құрманғазының «Адай» күйін жеке, оркестрмен орындауда тыңдау. Оқулықта хорға анықтама берілген: «**Хор** – көпдауысты вокалдық музыкалық жанр. Хордың бірнеше түрі болады: балалар хоры, әйелдер хоры, ерлер хоры және аралас хор. Хор кәсіби және халықтық болып бөлінеді.Кәсіби хорды төрт дауыста айтады: ерлер дауысы – бас, тенор, әйелдер дауысы – альт, сопрано». **Музыкалық терминдер әлемі** **Дирижер** - хор жетекшісі **Альт –** әйелдерің төменгі дауысы **Сопрано –** әйелдерің жоғарғы дауысы **Бас –** ерлердің төменгі дауысы **Тенор** – ерлердің жоғарғы дауысы **Аранжировка –әуенге өңдеу жасау** **1-ші тапсырма.** 4 топқа беріледі. **"Tarsia" әдісі.** 1. Музыканы өңдеу деген не? Музыканы түрлендіру 2. Оркестр деген не? Аспаптық шығарманы орындайтын музыканттар тобы 3. Хор деген не?	Сәлемдеседі Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді. Оқушылар бейнематериалды көреді, түсінеді. сұрақтарға жауап береді	Бір бірін «Бас бармақ бағамдары арқылы бағалайды Балалар қойылған сұрақтарға жауап беріп өз ойларымен бөліседі. Бір бірін «Бас бармақ бағамдары арқылы бағалайды 	https://www.classtools.net/random-group-generator/ https://wordwall.net/resource/ Оқулық Ән орындау, аудиожазбалар, караоке Бейнежазба, оқулық

Сабақтың соңы	Вокалдық шығармаларды орындайтын әншілер тобы 4. Халық әні «Бір бала» әнінің сипаты мен лады, көңіл-күйі қандай? Әуезді, әуенді, минорлы 5. Дирижер деген сөздің мағынасы Бағыттау, басқару деген мағынаны білдіреді 6. «Бір бала» әні қалай орындалады? Орташа екпінде, қалыпты ырғақта, басыңқы күш, тыныш әуенде орындалады 7. Аранжировка деген не? Әуенге өңдеу жасау 8. Хордың қандай түрлері бар? Балалар, әйелдер, ерлер және аралас, кәсіби және халықтық болып бөлінеді. 9. Акапелла дегеніміз не? Музыкалық аспаптың сүйемелдеуінсіз ән орындау. **2-ші тапсырма.** «Бір бала» әнін 4топ 1 шумақтан орындау. Аудио караоке сүйемелдеуімен жеке соло, жұппен дует, трио, хормен акапелла орындау. - Сен қандай ән орындадың? - Екпіні қандай? **Сабақты бекіту: «Лабиринт ойыны» арқылы** **1.Хорды, оркестрді кім басқарады?** **Дирижер** **2. Ән орындауда әйелдердің жоғарғы және төменгі дауысы қалай аталады?** **Сопрано, альт** **3.Ерлердің төменгі, жоғарғы дауысы қалай аталады?** **Бас, тенор** **4.** Музыканы өңдеу деген не? Шығарманың түпнұсқасын түрлендіру, орындауға лайықтау. **Рефлексия**: www.mentimeter.com **Сабақта бәрі түсінікті, әрі қызықты болды** **Сабақта өзіме сенімсіз болдым, аздап қиналдым** **Сабақта ештеңе түсінбедім**	Топпен тапсырмаларын орындайды. Тақтаға іледі, дұрыстығын тексереді Тыңдаған әнді жеке, жұппен, топпен орындайды. Кері байланыс сұрақтарға жауап береді Лабиринт ойыны арқылы сабақты бекіту сұрақтарына жауап береді Сабаққа кері байланыс жасайды	Әр топ бірін-бірі «Басбармақ» әдісімен бағалайды.  «Бес саусақ» әдісімен бағалайды 	Бейнежазбалар Компьютерлік бағдарламар арқылы өңделген аудиожазбалар,караокемен ән орындау https://wordwall.net/resource/ https://www.mentimeter.com/app/presentation/alceecj7rqr3c5y5qtrz6kyqtzsfnrf5/7xshxc7z6v2e/edit

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Сетаева Жанна Жанбырбаевна

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ ТВОРЧЕСКИХ ГРУПП В ШКОЛЕ

Заместитель директора по учебно-воспитательной работе КГУ Общеобразовательная школа №1 г.Ерейментау Акмолинская область

Аннотация. В настоящей статье рассматривается одна из актуальных тем современного образования – о проблемах формирования коллективного разума для исследования и решения проблем, возникающих в процессе обучения. Автор описывает свой опыт работы в организации деятельности творческих групп в школе. В статье представлены некоторые примеры планов работы творческих групп.

Ключевые слова: рефлексия практики, творческие группы, Action research

В современной школе с каждым годом труднее говорить о повышении качества знания. Ещё сложнее рассуждать о путях повышения качества знания. Неизменным, в решении данной проблемы, остаётся приобщение учителей к рефлексии собственной практики. Многие известные авторы книг о педагогике, учебный пособий посвящают их развитию исследовательских способностей учителей для изучения собственной практики. Их мнения разнятся по поводу путей повышения качества знания, но всё же, в одном их мнения совпадают – противоречия, возникающие в процессе обучения, должны решаться коллективно, и не становиться проблемой одного учителя. В данном случае администрации школы важно разработать план действий: вместе с учителями определить проблему, изучить литературу, собрать информацию, проведение педагогических экспериментов, которые в конечном итоге приведут к успешному решению проблемы. Естественным в данном случае будет формирование «коллективного разума» в виде творческих групп.

Организация работы творческих групп – процесс трудоёмкий, требует большого количества времени. Особое внимание следует уделить моральной, психологической готовности учителей работы в группе. В книге Стивена Кови «Восьмой навык: от эффективности к величию» есть идея про круг забот и круг влияния. В круге забот находятся люди, которые постоянно переживают, но при этом ничего не делают и не могут ничего поделать. Зачастую они принимают образ «жертвы». Люди, находящиеся в круге влияния, контролируют внутренние и внешние события и изменения. Такие люди берут на себя ответственность за происходящее вокруг себя. В учительском коллективе такие люди становятся лидерами.

У работающего руководителя планирование и практика тесно переплетены между собой. За время практики я провела коучинги, семинары, тренинги, пятиминутные упражнения для учителей только для того, чтобы побудить их к действию. Во время работы творческих групп, я замечала, что коллеги выполняют поручения/задания механически, формаль-

но. Они не задумывались о конечном результате. Хотя после коучингов, семинаров я получала положительные отзывы от своих коллег, на деле большинство из них не горели желанием применять на практике полученные знания, навыки. В самом начале моей практической деятельности я полагала, что не справлюсь, так как не знала, хватит ли моего уровня знаний, чтобы «растолкать уснувшие умы». В дальнейшем же поняла, что к такой работе надо приступать с чётко обозначенным методически «боевым» планом действий. Началась настоящая «операция по захвату уснувших умов». Своей главной задачей считала (и считаю до сих пор) вернуть педагогику в школу. С того времени я перешла к более решительным действиям.

В первую очередь из числа коллег было выделено 10 учителей лидеров. К выбору лидеров нужно подойти с особой тщательностью, ведь они в дальнейшем будут давать направление в работе творческим объединениям. Лидеров должны уважать в коллективе, к ним должны прислушиваться. Такие люди должны быть нацелены на демонстрацию своего опыта, чтобы улучшить навыки преподавания коллег.

Никто не будет отрицать, что посещение уроков наиболее эффективная форма взаимодействия для улучшения практики преподавания. Многие аналитики полагают, что «даже если учитель постоянно пускает за закрытые двери своего кабинета хотя бы одного коллегу, то результаты учеников у обоих педагогов улучшаются». Творческие группы в коллективе моей школы нужно было для начала создать из числа тех, кто в повседневной жизни имеет приятельские отношения. В целом в школе будет формироваться культура коллективного взаимодействия с целью исследования преподавательской практики. Подобные творческие группы будут считаться начальным этапом для создания более сложного преподавательского симбиоза. Главное, нужно избежать «копирование» ошибок. Как только администрация школы обратила пристальное внимание на качество ведения уроков, начались грандиозные недопонимания между завучами и учителями. По сей день трудным для себя считаю вести беседы для поддержания трудовой дисциплины в школе. Для начала для меня был непостижимым тот факт, что я должна напоминать учителю о педагогической этике или о том, что урок считается основной его деятельностью в школе. Это же само собой разумеющееся! Когда недопонимания между мной и учителями достигли апогея, я поняла, что нужно обратиться к литературе, которая поможет постичь глубины человеческой души. Читателю моих размышлений я посоветую почитать книгу Эрика Берна «Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений» и М.Е.Бурно «О характерах людей». Книги подтолкнули меня к мысли, что меня в их профессиональной жизни должно стать «много». Нужно было организовать обучение в школе, так как самообразовываться стремились не все. Старалась выстроить отношения на взаимовыгодных условиях. Во время проведения коучинга «Профессиональный круг общения» коллега высказала интересную мысль касательно профессионального взаимодействия: «Люди взаимодействуют тогда, когда им есть что друг другу предложить». Цинично, но большинстве случаев правда. На том коучинге мы решили, что нашей «обменной валютой» учительский опыт.

Следующая проблема в коллективе моей школы «не принятие ответственности за происходящее». Учителям легче обвинить родителя за отсутствие контроля дома, завуча за постоянные отчёты, директора, который не создал условий для работы. Проблема коллективного эгоизма, на мой взгляд, должна решаться при помощи слаженной системы взаимодействия администрации школы-родителя-ученика-учи-

теля. В нашем случае мы активно начали привлекать родителей к процессу обучения (посещение уроков, планируется трансляция уроков, когда родитель сможет беспрепятственно понаблюдать за своим чадом и за профессионализмом учителя). Важно сместить родителя с роли наблюдателя процесса обучения на роль его участника. В таком случае возрастёт ответственность родителя за происходящее с его ребёнком, с классом, в котором он учится, в школе, в которой он учится. Но как показали причины обращений родителей к директору школы, многие из них недовольны методами преподавания некоторых предметов некоторых учителей. В большинстве случаев родители идут в школу не решить проблему, а «наказывать» учителя. Надо отходить от этой «схемы» действий, где удовлетворены потребности только родителя и ученика. Я попыталась предложить родителям подходить к решению проблемы более осознанно, то есть изучить поведение ученика на уроке (можно предложить наблюдать за учеником другим учителям), понять природу конфликта, наблюдая за учителем и учеником в процессе обучения. К моей радости, все были согласны с таким решением проблемы. Таким образом, учителя МО предметов ЕМЦ объединили свои силы и приняли решение работать по методу Action research. Данном случае мне не нужно было просить/заставлять учителей работать в группе, посещать уроки, делать детальный анализ/самоанализ урока. На одном из заседаний мы совместно разработали план действий, что было в новинку для нашей школы. Обычно планированием общешкольного плана действий занималась администрация школы, руководители МО, учителя же действовали по установленному порядку. Данный случай мне помог осуществить результативное взаимодействие администрации-родителей-учителей-учеников.

По итогам коллективной работы учителей родители не могли не отметить улучшение качества преподавания предмета. Такое действие со стороны администрации школы побудил родителей относиться к школьной жизни ребёнка более ответственно. И вот такие итоги я могу для себя выделить – учителю, которого якобы нужно было «наказать», оказана методическая помощь, что улучшило его методы преподавания; родители были довольны положительными изменениями в преподавании предмета; учителя-коллеги, работавшие в одной творческой группе, показали своё мастерство и так же задумались над своими методами и приёмами ведения урока. В данном случае становишься более внимательным к своим ученикам, к своей практике, что ведёт к принятию ответственности за происходящее.

Не так давно в социальных сетях (Инстаграм) можно было наблюдать отрицательные комментарии по поводу программы в первых классах и об учителях, которые сами не понимают сути программы и не могут преподавать «Букварь» и «Математику». С целью предупреждения ненужных недопониманий между учителями и родителями, была создана творческая группа учителей первых классов под руководством куратора. В данный момент творческая группа занята взаимопосещением уроков для составления пустографики класса, что позволит наметить новые задачи перед ТГ.

Оглядываясь назад, было сложно понять проблему и тем более найти пути её решения. Моя цель ясна, расплывчатыми кажутся пути достижения этой цели. Однако есть моменты, которые стали результатом моих наблюдений и действий – если чего-то не знаешь, нужно найти книгу и прочитать; нужно понять эмоциональные, профессиональные потребности учителей, потом уже вытраивать траекторию бесед; коллективное обсуждение проблемы залог стопроцентного её решения. В данном учебном году администрацией и командой

развития школы было принято решение работать по наращиванию профессионального потенциала кадров посредством работы в творческих группах, продолжить обучение педагогов в школе. На данный момент в школе начали свою работу следующие учительские сообщества:

✓ ТГ учителей начальных классов – решение проблемы снижения темпа чтения и понимания прочитанного;

✓ ТГ наставника и молодого специалиста по кураторской методике;

✓ ТГ учителей предметов гуманитарного цикла по изучению преподавательской практики учителя истории (метод Action research);

✓ ТГ учителей предметов ЕМН по решению проблемы низкого качества знания в 8 русском классе (метод Action research).

Тулаева Айнур Торебаевна

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Ақтөбе қаласы, «№26 орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні

Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң.
Абай

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі ертеңгі күні сол ұрпақтан елінің абыройын көтеретін, жерін қорғайтын нар тұлғалы азаматтар өсіп шығатынына сенген. Сол себепті ата-бабамыз «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Балаға тәрбие отбасынан басталатынын және өте маңызды екенін аңғаруға болады.

«Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», — деген екен М.Жұмабаев. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Балалар тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Жаман бала болмайды. Бақша ағаштарын баптап, күтсең ғана жемісіне кенелесің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, ата-ана мен мектептің міндеті.

«Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» – деп М.Әуезов айтқандай қазақ тәрбиесінде бесіктің орны бөлек. Сәби кезінен бесікке жатқан бала бесіктен түрлі жыр-дастанды, тәрбиелік маңызы бар ертегі, өлеңдерді естиді. Халық арасында ауыздан ауызға көшіп ел арасында таралып кеткен бесік жырында діни өлеңдер, үлгілі әңгімелер бар. Бесік жырының мақсаты баланы тыныштандыра отырып, баланың санасына ұлттық тәрбиенің, діннің нәрін сіңіру. Осы тұста қазақ халқы баланы бес жасқа дейін патшаңдай көріп, мейірімді болу керектігін үгіттеген. Бес жастан он үшке дейін жұмсауды бұйырып, он үштен кейін өзіңмен теңдей досшы сырласа біл деп насихат айтқан.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын мектеп болғандықтан, мектеп ұстаздарына қашан да зор жауапкершілік артылуда. Әр жеткіншек мектеп арқылы өмірге үлкен жолдама алады. Мектеп пен ата-ананың мақсаты бір болғандықтан, іс-әрекеттері біте қайнасқан. Осы тұрғыдан алғанда мектеп –тәрбие

жұмысын ұйымдастырып, жан-жақты жеке тұлға қалыптасуында әртүрлі іс-әрекеттерді үйлестіріп, дайындау орталығы. Мұнда тәрбие түрлерінің сан алуаны жүзеге асырылады. Бүгінгі мектептердегі жүргізілетін тәрбиенің негізгі мақсаты да, мектептегі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай құндылықтар маңызын санасына сіңіріп, осыған байланысты тәрбие түрлерін анықтау.

Әрбір оқушыны тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін тек оның өз деңгейін ғана біліп қоймай, сонымен қатар оның отбасы жағдайын, тұрғылықты жерін, араласатын ортасын білуіміз керек. Ата-ана мен отбасы арасын жақындататын ол-мектепте өткізілетін әртүрлі мерекелер, іс-шаралар. Мектепте ұйымдастырылатын ашық тәрбие сағаттары, психологиялық тренингтер, құқық қорғау органдары инспекторларымен, медицина саласының өкілдермен, ақсақалдар алқасымен кездесулер ұйымдастырып инабаттылыққа, имандылыққа баулитын ақыл-кеңестер алу өз нәтижесін береді.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелігінің бір ұшы ата-аналармен, мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі — психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады. Осы міндеттерді шешуде оқу бағдарламасын меңгертуде түрлі тиімді әдістер мен технологияларды пайдаланғаны сияқты, ата-аналар жиналысының дәстүрлі емес түрін өткізгенде интерактивті тақтаны, яғни ақпараттық технологияны пайдалану ата-ана қызығушылығын арттырып қана қоймай, жеке танып-білуге, байланысты нығайтуға қосар үлесі зор.

Бүгінгі таңда: «Нарықтық экономикаға сай, ұлттық сана сезімі жоғары, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан Қазақстан азаматын тәрбиелеу ата-анамен мектептің міндеті. Ұстаздар жүйелі жоспар құрып, шәкірттерімен ақылдасып ата –аналармен бірлесе жұмыс істегенде ғана үлкен нәтижелелерге ие болады. Ең бастысы мектеп қабырғасында әрбір ұстаз өзі атқаратын тәлім-тәрбие ісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып, шәкірттерін жан –жакты біліп, ата- аналармен тығыз байланыста болу кажет.

Қорыта келе, «Тәрбие тал бесіктен»-дейді атамыз қазақ. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі баланың өсіп жетілуінің негізі отбасында жатыр «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді»деген сөз ата –ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Егемен еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы –мемлекеттің негізгі буыны. Сондықтан да бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамай, жауапкершілікпен қарайық дегім келеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТА ОТЫРЫП, ТЕСТІЛЕУ ЖҮЙЕСІН ЕРТЕ ЖАСТАН МЕҢГЕРТУ

Утепбергенова Динара Шакировна

Ақтөбе қаласы, М.Құрманғалиева атындағы 32 гимназия бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр –ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезі. Ақпараттандыру, жаһандану және интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында адамзат баласына білім беру бірінші кезекке қойылары сөзсіз. Олай болса, білім беру саласында болып жатқан оң өзгерістердің түпкі мақсаты – еліміздің жас ұрпағына әлемдік өркениетке сай білім мен білікті меңгерту.

Оның дұрыс шешілуі отандық озық дәстүрлерімізге негіздей отырып, өркениетке бастайтын жаңа үрдістерді біртіндеп қамтуға, ұлттық және жалпыхалықтық игіліктерді ұштастыратын ортақ негіздерді саралап қолдануға із салатын тың ізденістерді, тұжырымдарды табуға меңзейді. Ондай тың ізденістер мен соңғы тұжырымдарды білім беру саласына енгізу дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіруге жол ашады. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңа оқыту технологияларының білім сапасын көтеруде, өз бетімен ізденіп, жан-жақты білім алатын, шығармашылық жұмыспен айналысатын жастарды қалыптастыруда рөлі зор.

Бастауыш – балалардың бойында оқу қызметін меңгерту, олардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде танылуда. Танымдық белсенділікті педагогикалық-психологиялық құбылыс ретінде анықтау, бұл бастауыш балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.Балалардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі теория мен практикада жаңалықты іздеуді талап етеді, бүгінгі жағдайда ол өзіндік анықтаушы мағынаға ие. Әсіресе балаларды мектепке дайындауында баланың бойында оқу қызметін меңгеруіне қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеу және баланың толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасының өзіндік маңызы зор. Мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруде мыналарды ескеруі қажет.

1. Танымдық тапсырмалар мазмұнын, түрін ойлап табу және оларды іріктеуде оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескеру;

2. Шығармашылықты қажет ететін кәсіби маңызы бар тапсырмаларды беру;

3. Көркемдік шешім табу, образ жасау, модель құру үшін негіз боларлық жағдайлар туғыза білу,

4. Тапсырмаларды жоспарлауын және оны жетілдіруге көмек көрсету;

5. Оқушылардың шығармашылық жұмыс істеуін ұйымдастыру.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттеріін сабақта және сабақтан тыс

уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Олар мыналар:

1. Мәтін, ертегіні өз ойларымен аяқтау;
2. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау;
3. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.
4. Жұмбақтар құрастыру,
5. Шығарма, мәтін құрастыру;
6. Кейіпкерлерге мінездеме беру;
7. Шығарма бойынша сурет салғызу.

Мұғалім оқушының танымдық іс-әрекетте жоспарлау білігін дамыу мақсатында арнайы тапсырмалар дайындау қажет. Осы тапсырмалар орындалып, талқыланғаннан кейін оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды:

1. Зеректік
2. Зейінділік
3. Байқағыштық
4. Ойлау
5. Сөйлеу дербестігі.

Осыдан кейін оқушылардың сапалы білім нәтижесін тексерудің, оқушы білімінің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін бақылаудың тестік бақылау жүйесі алынады.

Әлемде жаңа технологиялар қатарына жатқызылған тестік бақылау жүйесі оқушылардың өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне көз жеткізіп, ойлау қабілетін, шығармашылық деңгейін белсендіреді. Басқа сынақ жұмыстарына қарағанда, тестің артықшылығы оның обьективті, сенімді, көп нұсқалығы болып табылады. Тест тапсырмалары оқудағы күнделікті, дәстүрлі әдісті жоққа шығармайды, олармен қатар оқушы білімінің сапасын арттыру үшін қолданылады.

Тестімен жұмыс оқушы алған білімдерін сынау, байқау үшін және бірнеше оқушыны бағалау үшін де құнды. Тест тапсырмалары тек бақылау ретінде емес, оқушыларды үйрету, машықтандыру үшін де тиімді.

Тестілеу- белгілі бір мәндер шкаласы бар стандартталған сұрақтар мен есептер пайдаланылатын психологиялық диагностика әдісі.

Тест-жеке тұлғалардың даралық, психологиялық қасиеттерін, сондай-ақ білімін, білігін, машығын салыстырмалы шамалармен өлшеуге арналған стандартталған тапсырмалар.



Балаларды өз бетімен ынталандырып, ықыласын арттыратын сабақ, балаларға ана тілінде қарапайым тілмен қызықты ұғындырылса, әңгімелер мен ертегілер, өлеңдер орынды пайдаланылса олардың білім алуға деген қызығушылығы арта түседі.

Ы.Алтынсарин

Әр адамның өмірдегі серігінің бірі-өзінің таңдаған мамандығы. Мамандығын сүйіп, соның жолында ізденісте жүрген адам қашанда биіктерден көрінері сөзсіз. Менің мамандығым бала тәрбиесімен байланысты. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе-ас бер, он жыл қалғың келсе-ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе-бала тәрбиеле»-дейді халық даналығы. Мен үшін ең қастерлі де, қасиетті мамандық. Осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғаныма он жыл! Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы қатар жүретін еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым-үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Қазіргі таңда бала тәрбиесінде басым бапғытқа ие-мектеп. Біздің мектебіміздің бүлдіршіндері түрлі шараларға қатысып, жан-жақты тәрбиеленуде. Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту мақсатында көрнекіліктерге қарап әңгіме құрау, жаңылтпаштар мен тақпақтар жаттату, ертегілер оқып беру секілді жұмыстар жүргіземін. Ертегілер көбінесе көркем шығармаларды сахналау болып табылады. Ертегінің мазмұны бойынша балалар рөльдерді бөліп атқарады. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету мәселелерін шешу түрлі жұмыстар арқылы жүзеге асуда. Сюжетті, қимылды, дидактикалық ойындар ойнау арқылы да баланы сөйлеуге, шапшаңдыққа үйретуге болады. Ертегілерді сахналау барысында костьюмдер, көрнекіліктер, атрибуттарды үнемі қолданамын. Балалармен бірге жаттығулар жасалып, сергіту сәттері орындалады. Балалардың жан-жақты дамуы менің алға қойған мақсатымның бірі. Кішкене балалармен сөйлесе білу де үлкен өнер. Олар мен түрлі дауыс ырғағын келтіре отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін түрлі жұмыстар жүргіземін.

Жалпы мектепті-білімнің тірегі десек, ал мұғалім сол мектептің жүрегі, яғни олардың қолында адам тағдыры тұр. Біздің мамандығымыздың қыры да сыры да сол-күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Сондықтан да мұғалімдер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек.

Мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отырғандықтан мұғалімдерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бала-біздің болашағымыз. Ақ парақ секілді жас баланың сана-сезіміне ойын арқылы, оқу іс-әрекетіне қызықтыру арқылы тәрбиелей отырып, оқу іс-әрекетін меңгерту мұғалімнен үлкен шеберліктің болуын талап етеді. Олай болса мұғалім өз жауапкершілігін сезінуі тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту балалардың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Ал, мұғалім жаңа заман баласын қалыптастырып дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілеттерінің дамуына жағдай туғызады. Өйткені жаңа заман баласы-бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы.

Егеменді еліміздің ертеңін ойлап, білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты жас бүлдіршіндерді тәрбиелеуде өзіндік үлесімді қосқым келеді.

Мектептегі тәрбиелеу мен оқыту ерекшелігі көрнекіліксіз іске аспайды. Сондықтан да мұғалімдер әр сабағында негізінен көрнекілікті басшылыққа ала отырып, еңбек етеді. Осындай көрнекілікті ата-ана отбасында балаға көрсетіп отырса, баланың дүниетанымы, тілдік мәдениеті жетіле берер еді. Мектептегі тәрбие балаға табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. «Тәрбие-тал бесіктен басталады»-демекші, бала мектепке барғанда бала өз жасындағы балалармен бірге сөйлеседі. Бұл жерде тіл алғыш, айтқанды істемейтін, жылауық,

сабырлы балалардың ортасына, яғни аралас ортаға барады. Мектепте әр баланың мінез-құлқына мән беріліп, жалпы ортақ тәрбие-адамгершілік тәрбиесі беріледі. Мектепте берілетін тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Балалар біздің мемлекетіміздің болашағы. Қоғамымыздың өрлеп дамуы өсіп келе жатқан жеткіншектердің ой-санасына рухани адамгершілік тәрбие бере білуімізге байланысты. Педагог ретінде басты ұстанымымның бірі-өз ұлтыма рухани діңгегі мықты, қазақ елін әлемдік кеңістікке еркін самғата алатындай, білім мен тәрбие деп аталатын қос қанатын қомдаған заманына сай ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесімді қосу. Халқымыздың «Жас келсе-іске» деген керемет сөзі бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш қуатымды, жаңашылдығымды бала тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта оларды биік белестерден көрсем, сол үшін өзімнің кішкене де болса үлесім тиген болса, мен өзімді бақытты адам деп білемін!

Аманғазиева Еркеназ Аманғазықызы
ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры М.Мәметова ат. Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК. 104 «Мейіргер ісі» студенті

Жетекшісі:
Аймагамбетова Асима Кулмуратовна
физика және математика пәні оқытушысы Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

АКУСТИКА ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

Кіріспе. Зерттеу мақсатының өзектілігі:

Біздің негізгі мақсатымыз – физика пәнінен оқыған «дыбыс толқындары» құбылыстарына қызыққандықтан оны тереңірек зерттеп, ол құбылыстар туралы мәліметтер жинау, қасиеттерін ұғыну, айналамда болған оқиғаларға ғылыми көзқарас негізінен қарау, оның адамзатқа пайдасы мен зиянын ашу.

«Дені саудың-жаны сау»- демекші біз замандастарымызды дыбыс туралы алған білімдеріміздің пайдалы жақтарын алып, зиянынан қашып, олардың қызықты керекті қасиеттерін пайдалануды үйренуге шақырғымыз келеді.

Негізгі бөлім

Дыбыс тербелістерінің әсеріне – медициналық талдау

Адамның дыбыс сіңірлері тербеліске түсуінен дыбыс түзетін аппарат пайда болады. Бұл аппараттар қатарының түзілуіне тыныс алу жолдары, өкпе, бронх, кеңірдек қатысады. Тыныс шығаруда-ашылған дыбыс саңылауы арқылы ауа өтеді, дыбыс түзілуде сіңірлер қатты созылып, дыбыс саңылауы жабылады. Ауадан саңылау аз ғана мөлшерде ашылады, ол арқылы тыныс алу жолындағы ауа шығады, сіңір тербеліп, адам дыбысы пайда болады.

Дыбыс қабылдайтын арнайы мүше-құлақ. Дыбыс-құлақтың қалқан қуысы арқылы миға беріледі. Мидың есту аймағында қоздырылады. Организмге

пайдалы да, зиянды дыбыстар бар. Жағымсыз дыбыстар – адамды ауруға шалдықтырады. Пайдалы, жағымды дыбыстар – ән-күй, музыкалық аспаптар, әнші құстар, орман шуылы, теңіз толқыны, сылдырап аққан су дыбысы. Дыбыс туралы Пифагор: «Музыка дегеніміз- адамның ой-өрісін жоғарылататын, дамытатын, құбылыс» - дейді. Адамның дыбысты қабылдауы 2-түрлі: 1-еуі – кәдімгі деп саналса, 2- шісі дәл сол дыбысты қатты (күшті) деп есептейді. Бұл әр адамның құлағының сезімталдығына байланысты. Адамның құлағына кейде қатты шуға үйреніп кеткендіктен- өте қатты дыбыс байқалмауы да мүмкін. Бірақ ол біртіндеп организмге жинала береді. Кейіннен адам ауруға шалдығуы мүмкін- қан қысымы артып, жүйке тамырлары қозғыш болады, тез шаршап, ұйқысы бұзылуы мүмкін құлағы нашар естиді. Құлақ бөліктері: а) сыртқы құлаққа - құлақ қалқаны мен сыртқы есту жолы жатады; ә) ортаңғы құлақ-бір-бірімен жалғасып жатқан дабыл қуысы, есту түтікшесі мен емізік тәрізді өсіндіден (өзінің үңгірімен) тұрады және дыбыс толқындары ортаңғы құлаққа қатты әсерін тигізеді. Өте қатты дыбыс денсаулыққа зиян. Ішкі құлақ –«лабиринт» деп аталады. Ол шеміршекті және сүйекті бөліктерге бөлінеді.Кейде адам уақытша естімей қалуы мүмкін. Мысалы,құлаққа құлық қатқанда, құлақ ішіне іріңді жара шыққанда, т.б. Балаларда жиі кездесетін ауру түрі-сыртқы есту жолына бөгде дененің түсуі. Бұл кезде балалардың құлағы қышып, есту қабілеті төмендейді. Осының салдарынан есту жолы терісі қабынып, сұйық зат бөлінеді.

Зерттеу бөлімі

Қаңтар айында бірнеше күн қатарынан рельстен поездың үнін бақыладым, ол тура менің қасымнан шығып тұрғандай болды. Ал күзде мұндай дыбысты бақылай алмадым, бірақ тұрған арақашықтығым қыстағыдай. Сонда бұдан-дыбыстың таралуы температураға да байланысты ауа температурасы, қысымына әсер етеді деген ережеге өзімнің көзімді жеткіздім.

Колледж студенттері арасында сауалнама жүргізу, талдау.

Жобаның теориялық сұрақтарымен танысып, колледж оқушыларының арасында сауалнама жүргіздім. Оларға мынадай сұрақтар қойылды

1. Құлаққаптың құлақтың есту қабілетін төмендетеді деп ойлайсың ба?
2. Құлаққап қолдану қан қысымына әсер ете ме?
3. Құлаққаптың «тамшы» деп аталатын түрін қолданасыңдар ма?
4. Адам организмі үшін күндіз 55 Дб,түнде 40Дб қуатындағы дауыс жиілігі қалыпты ма?
5. УДЗ зиянды деп ойлайсын ба?
6. Дыбыстың медицинада маңызы бар деп ойлайсыз ба?
7. Ультрадыбыстық зерттеу пайдалы ма?
8. Инфрадыбыстың зияны бар ма?

Сауалнаманы талдай келе, мынадай қорытындыға келдім:

1. 79% студент құлаққаптың құлақтың есту қабілетін төмендетеді деп ойлайды;
2. 80% студент «тамшы» құлаққабын қолданады.
3. Олардың 39% құлаққап қан қысымына әсер етеді деп жауап берді;
4. 37% -ы қалыпты деп ойлайды;
5. 24 % УДЗ зиянды деп жауап берді;
6. Студенттердің 89%-ы дыбыстың медицинада маңызы бар деп ойлайды екен;
7. Студенттердің 83%-ы ультрады-быстық зерттеу пайдалы деп жауап берді;
8. 18 % инфрадыбыстың зияны жоқ деп жауап берді.

Сауалнама нәтижелерінен мен мынаны анықтадым:

1. Студенттердің көпшілігі құлаққаптың құлақтың есту қабілетін төмендететінін біле тұра, «тамшы» құлаққабын қолданады.

2.Студенттер адам организмі үшін күндіз 55 Дб, түнде 40Дб қуатындағы дауыс жиілігі қалыпты екендігін білмейді.

3. Дыбыстың медицинада маңызын, атап айтсақ, ультрадыбыстық зерттеу туралы мағлұматтарды айтарлықтай біледі.

Қорытынды

Дыбыс толқындарының адам денсаулығына әсері өте маңызды.

Пайдасы-музыка адамның көңіл-күйін көтереді, табиғатпен қарым-қатынасын жақсартады, зияны құлаққап, жарылыстар, шулар, жаңғырықтар.


Ғалымдардың зерттеуі бойынша құлағы нашар еститіндердің жас ерекшелігі үлкендер жағы емес, керісінше жастар жағы екендігін айтады. 25 жастағылардың да есту қабілеттерінің нашарлағаны туралы деректер келтіреді. Осылай жалғаса беретін болса болашақта елімізде нашар еститіндердің қатары көбейе түседі деген сөз. УДЗ әдісі неврологияда, офтальмологияда, отоларингологияда, акушерлік және гинекологияда, гидросальпинк әдісі, урологияда қолданылады.

«Дені саудың-жаны сау» - демекші дыбыс туралы алған білімдерімізден пайдалы жақтарын алып, зиянынан қашып, олардың қызықты керекті қасиеттерін пайдалануды үйренейік.

Болашақтағы арманым - физика мен биология ғылымын тереңірек оқып үйреніп, дәрігер болғым келеді.

Ұсыныстар:

- Студенттерге дыбыстың қасиеттерін түсіндіре отырып, құлаққаптың зияндылығын насихаттау және шамадан көп қолданбауға шақыру;
- Жолдан өткен кезде құлаққап киген адамдарға айыппұл салу;
- Дыбыстың медицинада маңызын кеңінен түсіндіру.



Аймагамбетова Асима Кулмуратовна

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК. Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Медициналық оқу орындарында физика курсын оқытудағы негізгі мақсат - болашақ медицина қызметкерлерін адам ағзасындағы кездесетін физиологиялық процестердің физикалық құбылыстар мен заңдылықтар негізінде жүретіндігін және осы құбылыстардың заңдылықтарын медициналық мақсаттарда, яғни диагностика мен терапияда қолдануға болатындығын; осы мақсатта қолданылатын медициналық құралдар физиканың заңдылықтары негізінде жұмыс істейтіндігін медицинада әртүрлі мақсатта қолданылатын материалдардың физика-механикалық қасиеттерін қажетті бағытта өзгерту жолдарымен таныстыру ғана емес, болашақ медицина мамандарының аталған заңдылықтар мен құбылыстар негізінде жұмыс істейтін медициналық құралдардың барлық мүмкіндігін толық дәрежеде клиникалық

пәндер мен практикалық медицинада қолдануға үйрету болып табылады.

Оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Осы мақсатта сабақты беру тәсілінің бірі- конференция .

Конференция сабақ түрін қолданудың тиімділігі оқуды ғылыми жұмысқа жақындатады. Студенттер баяндама тақырыптарын өздері таңдап, шағын зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелері бойынша сөз сөйлеуге әзірленеді. Студенттер сұрақтар әзірлеп, мәселені талқылауға әзірленеді. Баяндамашыға оқытушы, не мамандар кеңес береді.

Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану сабақ уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді, студенттерге есептің шешуін ұқыпты да, таза қылып жазудың үлгісін беруге, оқыту барысында көрнекіліктің деңгейін көтеруге, оқу процесін жандандыруға мүмкіндік береді.

Осындай мақсатта мен «Фармация» мамандығында физикадан өткізген конференция сабақтың үлгісін мысалға келтіріп отырмын.

Тақырыбы:
“Электрокардиографияның физикалық негіздері”

Сабақтың мақсаты:

Электрокардиография әдісінің биофизикалық негізін, жүректің биопотенциалдарын зерттеу үшін қолданылатын Эйтховен үшбұрышының негізін түсіндіру; студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастыра отырып, іскерлі, ізденімпаз, интеллектуалды қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру

Әдіс- тәсілдер:

- Ауызша баяндау, сұрақ–жауап әдісі, топпен жұмыс, диаграмалармен, кестелермен жұмыс, топтастыру стратегиясы.

- аппарат ЭКГ

Сабақ құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) студенттерді түгендеу;

ә) оқу кабинетінің даярлығын тексеру

б) сабақтың мақсатымен таныстыру

II. Тақырыпты баяндау

Жүргізуші:

Түсіріп аспан заңын жұмыр жерге,
Бақтырып жұлдыздарды өскен жерге.
Жансызға жан бітіріп, қолға салып,
Физика кереметті көрсетті елге.

Құрметті, конференцияға қатысушылар, бүгінгі конференция тақырыбы: «Электрокардиографияның физикалық негіздері»

Конференция ұраны: «Физик болмай тұрып, медик болам деу ағаттық»

Конференция жоспарымен және конференция қонақтарымен таныстыру

Конференция жоспары:

1.Баяндама №1 «Жүректің құрылысы және қызметі»

Баяндамашы: Анатомия пәні оқытушысы.

2.Баяндама №2 Тақырыбы: «Эйтховен үшбұрышы» Баяндамашы: Биофизик

